Кремний шаңының көмір шаңынан айырмашылығы әлдеқайда токсикалық әсерінде [108]. Zhao Y. әріптестерімен [109] кремний шаңымен туындаған өкпе ауруларында оксидативті стресстің рөлін анықтаған, олар липой қышқылы синтетазасының генін артық экспрессиялайтын және нәтижесінде жоғары антиоксиданттық белсенділігі бар тышқандарды қолданды. Бұл жоғарылатылған антиоксиданттық қабілет оксидативті стрессті тежеуге және қабыну цитокиндерінің өсуін әрі NF- κ B белсенділігін болдырмауға көмектесті [109, p. 57-65]. Кремний шаңының ингаляциясы альвеолярлы макрофагтардың эффероцитозын төмендетеді Rho/Rho-ассоциирленген спиральды жолдарды, протеинкиназаларды (RhoA/ROCK) реттеу арқылы әсер етеді [110]. Тағы бір зерттеу Zhao Y. және оның әріптестері [111] кремний диоксидінің әсері макрофагтардың өкпедегі полярлығын реттеу бұзылуына әкелетінін көрсетті. Бастапқы кезеңде M1 макрофагтары басым болды, олардың құрамында қабыну цитокиндері, мысалы интерлейкиндер 6 және 1 β , TNF- α көп болды. Алайда, кейінгі кезеңдерде M1 макрофагтары M2 макрофагтарымен ауыстырылып, интерлейкин-10 сияқты қарсы қабыну цитокині деңгейі жоғарылады, бұл сигналды трансдукция және транскрипцияны белсендіру (STAT) мен интерферонды реттеу факторы (IRF) жолдары арқылы жүзеге асырылады. TGF- β деңгейінің жоғарылауы кремний диоксидінің шаңының әсерінен өкпедегі фиброгенезді бастаудағы маңызды медиатор болып табылады [112]. TGF- β -Smad сигналдық жолын таншинон IIА арқылы ингибирленуі miR-411p3r экспрессиясын арттырып, коллагеннің (I және II) шөгінділерін және фибробласттардың пролиферациясын айтарлықтай төмендетті [113, 114]. Smad3 фосфорлануы фиброзға қатысатын негізгі фактор болып табылады [115]. Вистар тышқандарында жүргізілген зерттеу кремний диоксидінің әсерінен ангиотензин-конвертирлеуші фермент пен AT1 рецепторының экспрессиясының жоғарылауын көрсетті, содан кейін силикозды өкпелерде ангиотензин-конвертирлеуші фермент – 2 деңгейінің төмендеуі байқалды [116]. P2Y12 топтық прототипін G-белгімен байланыстырып, клопидогрел (рецептор антагонисті) арқылы блоктау кремний диоксидінің

әсерінен кейін жасушалық оксидативті стресс, қабыну және фиброзды тиімді төмендетіп, өкпе функциясын жақсартады [117]. Сондай-ақ, кремний нанобөлшектері тыныс жолдарында шырыш өндірісін арттыратыны және NLRP3 инфламмасомасының жоғары белсенділігі астмаға ұқсас белгілерді туындататыны анықталды [118, 119]. Осылайша, TGF- β 1 сигналдық жолын мақсатты бағыттау кремний диоксидімен байланысты фиброзды емдеудің тиімді әдісі болуы мүмкін. Сонымен қатар, кремний диоксиді шаңы макрофагтардың функциясын бұзып, M.tuberculosis инфекциясына жоғары сезімталдықтың дамуына ықпал етеді [120].

Қазіргі уақытқа дейін көмірші-кеншілердің ағзасында болып жатқан метаболикалық өзгерістерді зерттеу, тыныс алу мүшелерінің созылмалы ауруларының пайда болуын ескерту және даму қаупін азайту үшін алдын алу шараларының жүргізілу мүмкіндігі тұрғысынан маңызды болып табылады. Бұл жұмысқа қабілетті халықтың денсаулығын сақтау үшін ықпал етеді.

1.2 Тыныс алу жүйесі физиологиясы мен патофизиологиясындағы пуриндердің рөлі

Пуринді нуклеозидтер мен нуклеотидтер ағзадағы барлық тіндерде сигналдық молекулалар ретінде әрекет етеді, олар жасушалық функциялардың және механизмдердің кең ауқымын реттейді. Олардың белсенділігін реттеу денсаулықты сақтаудың маңызды аспектісі болып табылады. Пуринді қосылыстарды пуринді нуклеотидтерге (аденозинтрифосфат (АТФ), аденозиндифосфат (АДФ), аденозинмонофосфат (АМФ), инозинмонофосфат (ИМФ), гуанозинтрифосфат (ГТФ), гуанозиндифосфат (ГДФ) және гуанозинмонофосфат (ГМФ)), пуринді нуклеозидтерге (аденозин, инозин, гуанозин) және пуринді негіздерге (аденин, гипоксантин, ксантин және гуанин) бөлуге болады. Пуриндер өз құрылымы бойынша пиримидинді және имидазолды сақиналардан тұратын гетероциклді азотты қосылыстар болып табылады. Сүтқоректілерде пуриндердің ең көп таралған экспрессиясы ДНҚ мен РНҚ түрінде (аденин мен гуанин пуриндерін қамтитын) және бірмолекулалық нуклеотидтер (АТФ, АДФ, АМФ, циклдік АМФ және аз дәрежеде ГТФ мен циклдік ГМФ) түрінде байқалады. Пуриндер сондай-ақ энергетикалық метоболизм малекулаларының: қалпына келген никотинамидадениндинуклеотид (НАД) никотинамидадениндинуклеотидфосфат (НАДФ) және кофермент Q-дың маңызды құрамдас бөліктері болып табылады [121].

1.2.1 Физиология жүйесіндегі пуриндердің рөлі

Пурин нуклеотидтерінің көзіне эндогенді пуриндердің синтезі және алдын ала түзіліп қойылған пурин қосылыстарын қайта қолдану жатады [122]. Физиологиялық жағдайларда пурин нуклеотидтерінің метоболизмі негізінен жасуша ішінде өтеді. Пурин нуклеотидтерінің деградациясы 5'-нуклеотидаза активтілігімен басталады, ол нуклеотидтерден фосфатты босатып, нуклеозидтерді, аденозин мен гуанозинді түзіп шығарады [123]. Осылайша, АМФ-тан аденозин, ал ГМФ-тан гуанозин түзіледі. Сонымен қатар, жасуша

ішінде аденозин S-аденозилгомоцистеиннің гидролизі нәтижесінде түзіледі, бұл процеске S-аденозилгомоцистеин-гидролазасы қатысады. Кейін аденозин аденозиндезаминаза ферментінің қатысуымен инозинге дезаминирленеді. Пуринді нуклеотидфосфорилаза рибоза тобын инозин мен гуанозиннен гипоксантин мен гуанин түзілетіндей гидролиздейді [124]. Гуанин гуаназа ферментінің әсерінен ксантинге дезаминирленеді. Бауыр ферменті ксантин-оксидоредуктаза гипоксантинді ксантинге, ал соңында ксантинді несеп қышқылының түзілуіне дейін окисдейді, бұл процесс бауырда, ішекте, өкпеде, бүйректе, жүректе, мида және плазмада жүреді [125, 126].

ИМФ АМФ немесе ГМФ-қа айналады, олар кейіннен жоғары энергиялы қосылыстарға (мысалы, АТФ және ГТФ) фосфорлануы мүмкін. Глутамин-PRPP-амидотрансфераза мен PRPP-синтаза пуриндермен кері ингибирленеді, бұл пуриндердің тапшылығы жағдайында пурин биосинтезін баяулататын механизмді қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, пуриндер биосинтезінің процесі энергияға қатты тәуелді және көптеген АТФ молекулаларын тұтынуды талап етеді. Пуриндердің биосинтезі тек қана ураттардың түзілуі үшін субстраттың жүктемесін тікелей арттырып қана қоймай, сондай-ақ бұрын түзілген пуриндердің айналымын көбейтеді, бұл өз кезегінде ураттардың деңгейінің көтерілуіне ықпал етеді [121, р. 4-160].

Несеп қышқылы пуриндердің ыдырауының өнімі болып табылады және оның түзілуі ішкі пурин өндіруіне және пуриндерді несеп қышқылына айналдыруды қамтитын метаболикалық процестерге тікелей байланысты. Несеп қышқылының түзілуі нуклеотидтерден фосфат қалдықтарының гидроликалық бөлінуі арқылы жүреді, бұл нуклеотидазалар немесе фосфатазалармен жүзеге асырылады, сондай-ақ пуриндік нуклеозидфосфорилазаның N-гликозидтік байланысын фосфоролездеу, кейіннен дезаминирлеу және азотты негіздердің оксидтенуі арқылы жүреді. Сондай-ақ, ағзада күн сайын пайда болатын несеп қышқылының шамамен 50-70%-ы метаболизденеді [127]. Сонымен қатар, несеп қышқылының концентрациясы бүйректер арқылы ыдырау, экскреция және реабсорбция жылдамдығымен реттеледі. Несеп қышқылының өндірісі мен шығарылуы арасындағы теңгерім қан сарысуындағы урат деңгейін анықтайды. Көптеген адамдар несеп қышқылының салыстырмалы тұрақты деңгейін 4-тен 6,8 мг/дл аралығында ұстап тұрады, ал жүйедегі жалпы несеп қышқылы қоры шамамен 1000 мг құрайды [121, р. 4-160]. Шамамен 2/3 түзілген несеп қышқылы бүйректер арқылы шығарылып, қалған 1/3-і ас қорыту жолында ыдырап, көмірқышқыл газы мен аммиак түзіледі. Егер бүйректік уриколиз бұзылса, компенсаторлық механизм ретінде энтериалды уриколиз іске қосылады [128]. Уриколиз дамуы бауырда, өкпеде, бүйректе өтеді, сондай-ақ пероксидаза және цитохромоксидаза әсерінен басқа да органдар мен тіндерде болуы мүмкін [129].

Пуриндердің катаболизмі процесінде маңызды рөлді ксантиноксидаза ферменті атқарады. Бұл аэробты оксидоредуктаза, оның простетикалық тобы молибден немесе темір ионы мен FAD құрамына кіреді. Ксантин мен гипоксантинді молекулалық оттегімен оксидтеу, ксантиноксидазаның әрекет механизмі болып табылады [124, с. 4-500].

1.2.2 Тыныс алу жүйесі функциясының бұзылысындағы пуриндердің рөлі

Пуринді нуклеотидтердің эпителий жасушаларынан тыныс жолдарына шығуы жедел қабыну процестері кезінде артып, тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының патофизиологиясында маңызды рөл атқарады. P2X7 пуринді рецепторлары өкпеде қабыну, фиброз және функционалды өзгерістерді реттейді. Тыныс жолдарындағы қабыну кезінде шығарылған нуклеотидтер P2Y6 пуринді рецепторларын активтендіреді, бұл қабыну цитокиндерінің қосымша бөлінуіне ықпал етеді [130]. Экстражасушалық АТФ, паннексин арналары арқылы жасушалардан шығарылып, СӨОА асқынған кезде тыныс жолдарының секреторлық бездерінен муциннің гиперсекрециясында P2Y2 рецепторлары арқылы қатысады [131]. P2X3 пуринергиялық рецепторларының антагонистері, олар тыныс жолдарының афферентті жүйкелерінде экспрессияланады, созылмалы өкпе ауруларында жөтелдің жиілігін төмендетіп, оны басады [132]. Өкпе обырында АТФ және аденозиннің экстражасушалық деңгейлері ісік микроортасында артып, P2X7 рецепторларының ісік жасушаларында активациясы орын алады, бұл рак жасушаларының миграциясына әсер етеді. Бронхтың қалыпты эпителиальды жасушалары P2X7 рецепторларын экспрессияламайды, ал олар злокачествалық трансформация кезінде экспрессиялана бастайды [133]. Грипп инфекциясынан қайтыс болу жағдайларының ерекшелігі – бұл теңгерілмеген иммундық жауап, ол P2X7 пуринергиялық рецепторларының респираторлық эпителиальды жасушаларда, нейтрофилдерде, моноциттерде, В- және Т-лимфоциттерде активациясы арқылы жүзеге асады. P2X7R арқылы сигнал беру каспаздарды активациялау арқылы жасуша апоптозын индуцирлейді [134].

АТФ және нуклеин қышқылдарының құрамында болатын аденозин тыныс жолдарында өткір қабыну процестерінде A2A және A2B аденозин рецепторларын белсендіру арқылы қабынуға қарсы және тіндерді қорғаушы рөл атқарады. Алайда, аденозин деңгейінің созылмалы түрде жоғарылауы, A1, A2B және A3 аденозин рецепторларының белсенуі арқылы қабыну жағдайын туындатады, бұл тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының дамуына әкеледі [135]. Бразилиялық ғалымдардың Swiss-Webster тышқандарында және *in vitro* фибробластармен жүргізілген тәжірибелерінде силикоз патогенезінде өкпе фиброзына аденозиннің интерлейкин 13 қатысуымен жүретіні көрсетілген [136]. CD73 арқылы аденозиннің экстражасушалық өндірісі өкпе радиациялық фиброзын күшейтеді [137]. Аденозин астма кезінде бронхоконстриктор болып табылады, ол шырлы жасушаларының дегрануляциясын қоздырады. Астмасы бар науқастардағы моноциттерде аденозин рецепторларының экспрессиясы аурудың дамуына себеп болады. Астманы емдеу үшін аденозин рецепторларының антагонистері қолданылады [138].

Муковисцидозбен ауыратын науқастарда бронхоальвеолярлы лаважда аденозиннің жоғары деңгейлері анықталды [139]. Бронхо-өкпе дисплазиясы, әсіресе оттегі терапиясын алған мерзімінен бұрын туған нәрестелер арасында өлім-жітімнің негізгі себебі болып қала береді, бұл жағдайда да бронхоальвеолярлы лаважда аденозин деңгейінің жоғарылауы байқалады [140].

Аденозиннің катаболизмі нәтижесінде түзілетін инозин иммундық жүйені реттеу әсерлерімен байланысты, бұл бронхоальвеолярлы лаваж сұйықтығындағы лейкоциттер, макрофагтар, лимфоциттер және эозинофилдердің санын айтарлықтай төмендетеді [141]. Эксперименттік модельде инозин A2AR және A2BR рецепторлары арқылы плевра қабынуына қарсы әсер көрсетеді. Сонымен қатар, аденозин мен инозин арасындағы синергетикалық әсерлер де байқалады [142]

Эксперименттерде ЭСОА кезінде өкпе гипертензиясының дамуымен бірге ADORA2B аденозин рецепторларының экспрессиясы жоғарылағаны байқалды. ADORA2B рецепторының активациясы гиалурон қышқылының деңгейін арттырады. Сонымен қатар, пуринергиялық ремоделдеу өкпенің төменгі бөліктерінде орын алады [143]. Қабынуға қарсы кейбір дәрілер (салицилаттар, циклоспориндер, метотрексат) экстрацеллюлярлы аденозиннің деңгейін жоғарылатады. *In vitro* жағдайда метотрексатпен өңдеу адам фибробластары мен эндотелиальды жасушалардан аденозиннің бөлінуін арттырып, экстрацеллюлярлы аденозин нейтрофилдердің фибробласттарға адгезиясын төмендетеді [144]. Муковисцидозбен ауыратын науқастарда өршу кезеңінде гипоксантиннің төмендеуі анықталды [145].

Ксантин туберкулезінің биомаркері ретінде ұсынылған [146]. ЭСОА-мен ауыратын науқастардың қан плазмасында пурин негіздерінің (аденин мен гуанин) және пурин метаболизмі аралық өнімдерінің (гипоксантин, ксантин және мочевина қышқылы) деңгейлері аурудың ауырлығына сәйкес жоғарылағаны байқалды [11, с. 263-265]. Интерстициальды идиопатиялық пневмониямен ауыратын науқастарда аденин, гипоксантин және ксантин деңгейлері төмендеген, бірақ ксантинооксидаза белсенділігі жоғарылаған [147].

Несеп қышқылы метаболизмінің қалдық өнімі ғана емес, сонымен қатар иммундық реакцияларды қоздыруға мүмкіндік беретін қауіп сигналы ретінде де қызмет етеді. Жарақаттанған немесе өліп жатқан жасушалар әдетте ақуыз өндірісін шектейтін болса да, олардың бұзылуы кезінде несеп қышқылының өндірісі артады [124, с. 4-550].

Эндогенді несеп қышқылының бөлшектері мен экзогенді кремний диоксиді макрофагтардан интерлейкин 1β секрециясын және жасушалық АТФ-тің белсенді бөлінуін тудырып, силикоз ауруында қабынуды белсендіреді [148]. Ультрафинді бөлшектермен ауа ластануы ЭСОА науқастарына дені сау адамдарға қарағанда қауіпті, себебі олар зақымданған эпителиальды қабаттан өтіп, қабыну мен оксидативті стресс арқылы ДНҚ-ның зақымдалуына алып келеді [149].

Несеп қышқылы тыныс жолдарының эпителиалды қабығында орналасып, оксидативті стресс кезінде басқа эндогенді антиоксиданттармен бірге қорғаныс рөлін атқарады [150]. Тыныс алу жүйесі өнеркәсіптік ластану, темекі түтіні және үнемі инфекцияларға ұшырау нәтижесінде жоғары деңгейдегі АФК әсеріне ұшырайды. Сарысудағы антиоксиданттардың, мысалы, несеп қышқылының деңгейі тыныс алу ауруларына бейімділікті анықтауда маңызды фактор болуы мүмкін. Ұлыбритания ғалымдары жүргізген популяциялық когорталық зерттеуде темекі тартатын адамдардағы несеп қышқылының төмен

деңгейлері ӨСОА және өкпе қатерлі ісігінің даму қаупімен тығыз байланысты екендігі анықталды [151].

Белгілі жағдайларда несеп қышқылы прооксидант ретінде әрекет етуі мүмкін. Тыныс жолдарының қабынуы мен оксидативті/антиоксидантты механизмдер арасындағы теңгерімсіздік ӨСОА-ның патогенезі мен өршуінде маңызды рөл атқарады деген болжам бар. ӨСОА және жүрек жеткіліксіздігі кезінде гипоксияның әсерінен пурин нуклеотидтерінің метаболизмі белсендіріліп, несеп қышқылының жиналуы мен гиперурикемияға әкеледі. Үндістандық ғалымдардың зерттеуіне сәйкес, ӨСОА-ы бар науқастарда бақылау тобымен салыстырғанда несеп қышқылының деңгейі жоғары болған, әйелдерде бұл деңгей ерлерге қарағанда жоғары болатынын көрсеткен. Сонымен қатар, гиперурикемия ӨСОА ұзақтығымен (10 жылдан астам) және аурудың ауырлығымен (III-IV дәрежесі) сенімді түрде корреляцияланған [152].

Қанның оттегімен қанықтылығы мен несеп қышқылының деңгейі арасында кері байланыс байқалды. Аденозиннің өкпелік вазодилататор ретіндегі рөлі өте маңызды, себебі оның деңгейі өкпелік вазопрессорлардың жедел альвеолярлық гипоксияға жауап реакциясын теңестіре алады [153]. Ирандық зерттеулер нәтижесінде, ӨСОА науқастарында несеп қышқылының жоғары деңгейі өршу жиілігінің жоғары болуымен байланысты екені анықталды. Несеп қышқылының деңгейі жоғары ӨСОА бар науқастардың өлім-жітімі 14,9%-ды құраса, төмен деңгейі бар науқастарда бұл көрсеткіш 3%-ды ғана көрсетті [154]. Сонымен қатар, несеп қышқылының жоғары деңгейі бар ӨСОА науқастарында қабыну маркерлері (С-реактивті ақуыз, интерлейкин-6) жоғары болды, бұл олардың ұзақ уақыт ауруханаға жатқызылуына, оттегі терапиясы мен интенсивті терапияға жиі мұқтаж болуына себеп болды [155].

Сарысу несеп қышқылының деңгейі оксидативті метаболизмнің бұзылуын және созылмалы жүрек жеткіліксіздігі, өкпелік тромбозмен және өкпелік гипертензия сияқты аурулардың болжамын анықтау үшін маркер ретінде қарастырылады [156]. Сарысудағы несеп қышқылының төмен деңгейі (3,0 мг/дл-ден төмен) жедел тыныс алу жеткіліксіздігі синдромымен ауыратын науқастардың өмір сүру сапасының жақсаруымен байланысты [157]. Жапондық ғалымдар эозинофильді пневмониямен ауыратын науқастарда бронхоальвеолярлы лаважда несеп қышқылы мен АТФ деңгейлерінің жоғарылағанын және олардың концентрацияларының эозинофилдермен, интерлейкиндер 5 және 33 деңгейлерімен тікелей байланысқанын анықтады [158]. Респираторно-синцитиальды вирус тудырған ауру кезінде де бронхоальвеолярлы лаважда несеп қышқылы мен ксантин деңгейлерінің жоғарылауы байқалады, бұл астма даму қаупінің артуымен және интерлейкин-33 экспрессиясының күшеюімен байланысты [159].

Қытай ғалымдары астманың өршуі кезінде несеп қышқылының деңгейі жоғарылағанын және оның өршу ауырлығымен ұлғаятынын анықтаған. Корреляциялық талдау нәтижесінде несеп қышқылының өкпе функциясымен кері байланысы бары анықталды ($r = -0,507$, $p < 0,001$) [160]. Ұйқыдағы обструктивті апноэ синдромы салдарынан болатын қайталанатын гипоксия аденозинтрифосфатаза мен ксантин деңгейлерін арттырып, нәтижесінде несеп

қышқылының концентрациясының көтерілуіне себеп болады [161]. Ауа ластануы мен гиперурикемия арасындағы байланыстарға қатысты бірнеше зерттеулер жүргізілген. Мысалы, Қытайда 2009-2014 жылдар аралығындағы когорттық зерттеуде бастапқы тексеруден кейін гиперурикемиясы жоқ адамдарда, ауадағы түйіршікті бөлшектердің (PM10) концентрациясы 10 мкг/м³-ге артқан жағдайда, несеп қышқылының деңгейі 1,46 есеге, күкірт диоксидінің деңгейі 1,23 есеге және азот диоксидінің деңгейі 1,43 есеге артқан [162]. Сонымен қатар, Канада мен Австралия ғалымдары ауадағы түйіршікті бөлшектердің (PM10) әсерінен тыныс жолдарының эпителиалды жасушалары несеп қышқылын синтездейтінін анықтаған, бұл өз кезегінде аллергиялық сезімталдықты арттыруы мүмкін [163]. Пуриндердің катаболиттерінің деңгейлері мен өкпе функциясының бұзылуы арасындағы өзара байланыс бірнеше механизмдермен түсіндіріледі.

Өкпе функциясы нашарлаған науқастарда гипоксия пуриндердің метаболизмінің соңғы өнімдерінің түзілуін күшейтеді. Өкпе ауруларында өкпе гипертензиясының дамуы несеп қышқылының деңгейінің көтерілуіне себеп болады. Оксидативті стресс пен қабыну өкпе тіндерін зақымдап, пуриндердің катаболизмін күшейтеді. Несеп қышқылының деңгейінің көтерілуі жүйелік қабынуды тудырып, ақыр соңында өкпе функциясының бұзылуына алып келеді. Осылайша, пуриндердің катаболиттері екі жақты әсер етуі мүмкін: олар жоғарғы тыныс жолдарында антиоксидант ретінде қызмет етіп, сонымен қатар қабынуды қоздыратын компоненттер болып табылады. Бұл олардың деңгейлерін бақылаудың маңыздылығын көрсетеді. Пуриндер метаболизмін әртүрлі патогенетикалық процестерде, әсіресе өкпе ауруларында, тереңірек зерттеу қажет.

1.3 Жасушадан тыс нуклеин қышқылын өкпе ауруларын диагностикалау мен болжау үшін биомаркерлер ретінде қарастыру

Қазіргі таңда қан мен ағзаның биологиялық сұйықтықтарында жасушадан тыс нуклеин қышқылдарын анықтауға қызығушылық артуда, себебі олар бірнеше патологиялық жағдайлардың болжамдық және диагностикалық маңыздылығына ие. Бұл нуклеин қышқылдары алғаш рет қанда, кейінірек ликворда, лимфа мен зәрде анықталды. Соңғы жылдары олар бірқатар аурулардың диагностикалық, болжамдық және предиктірлі маркерлері ретінде қарастырылуда. Осыған орай, жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының (ДНҚ, РНҚ) өкпедегі патологиялық үрдістердің дамуындағы рөлі мен олардың концентрациясын динамикалық түрде зерттеу, жүргізіліп жатқан терапияның тиімділігін бағалау үшін маңызды болып табылады.

Қан мен басқа биологиялық сұйықтықтарда нуклеин қышқылдарының (ДНҚ, мРНҚ, микроРНҚ) болуы жасушалардың ыдырауынан (апоптоз, некроз) немесе олардан бөлінетін нуклеин қышқылдарын қамтитын арнайы органеллалардың (экзосомалар, микровезикулалар, апоптотикалық көпіршіктер) өнімінен туындайды. Бұл жағдайда гуморальды орта бірінші жағдайда жасушалық қалдықтарды жоюға, ал екінші жағдайда жасуша аралық бірлесуді қамтамасыз етуге қызмет етеді. Қан айналымында обыр

жасушаларынан шыққан нуклеин қышқылдары ісік өсуінің маркерлері ретінде қолданылуы қарастырылуда [164].

Жасушадан тыс нуклеин қышқылдары иммундық жүйеге екі түрлі әсер етуі мүмкін: ынталандырушы және тежегіш. Бұл әсерлер нуклеотидтік тізбектің құрылымына, метилденуіне және жасушадан тыс нуклеин қышқылының ақуыздық кешендер құрамында болуына байланысты анықталады [165]. Бұрын ДНҚ тек жасуша құрылымдарында, әсіресе ядроларда және митохондрияларда аз мөлшерде болатын деп есептелген, онда ол генетикалық ақпаратты сақтаушы ретінде қызмет атқарады. Алайда кейінірек ДНҚ-ның жасушалардан тыс, атап айтқанда жануарлар мен адамдардың қанының плазмасында да аз мөлшерде кездесетіні анықталды. Жасушадан тыс ДНҚ-ға деген қызығушылық оның мөлшері белгілі бір ауруларда айтарлықтай артуы мүмкін екенін түсінгеннен кейін артты, бұл патологиялардың ерте белгісі ретінде қарастырылуы мүмкін [166]. Әдеби деректерге сәйкес, қалыпты жағдайда циркуляциядағы ДНҚ концентрациясы қан плазмасында немесе сарысуында 50-60 нг/мл-ден аспауы керек, ал оның деңгейі 100 нг/мл және одан жоғары болған кезде патологияның дамуы ықтимал екені көрсетіледі [167]. Сыртқы жасушалық ДНҚ – олигомерлер, олар ақуыздармен, мысалы, альбуминмен, фибронектинмен, лактоферринмен және басқа да белоктармен байланыса алады. Қан плазмасының шамамен 1,5% ақуыздары жасушадан тыс нуклеин қышқылдарымен байланысу қабілетіне ие. Жасушадан тыс ДНҚ-ның химиялық модификациясы олардың қасиеттеріне әсер етеді. Сонымен қатар, қан жасушаларымен (эритроциттер мен лейкоциттермен) жасушадан тыс нуклеин қышқылдары иондық өзара әрекеттесулер арқылы және жасуша мембранасының ақуыздарымен байланысуы мүмкін [168].

Жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының жалпы көлеміне нейтрофильді жасушадан тыс қақпақшалар да қосылуы мүмкін. Бұл қақпақшалар түзіліп жатқанда, ДНҚ-гистондар мен нейтрофилдер гранулаларынан бөлінетін ферменттермен бірге жасушадан тыс кеңістікке шығарылады. Соңғы жылдары циркуляциялық ДНҚ-ның эпигенетикалық өзгерістерін зерттеу маңызды бағыт болып табылады. Бұл жасушадан тыс метилденген ДНҚ-ны фракцияларға бөлуге қатысты, олар адам ағзасындағы арнайы жасушалармен сәйкестенеді, бұл ағзаның патологиялық өзгерген жасушаларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жасушалар артық мөлшерде жасушадан тыс ДНҚ синтездеп, оны секрециялайды [169].

Онкологиялық науқастарда қан құрамындағы жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының түрлі формалары туралы қызықты деректер алынған. Экзонуклеазалардың әсерінен жасушадан тыс ДНҚ қысқа олигомерлі тізбектерге ыдырап, эритроциттермен байланысады. Бұл байланыс моонуклеотидтердің және олардың метаболизм өнімдерінің қанға шығарылуына кедергі келтіреді, себебі олар алларминдер ретінде қызмет атқарады. Сонымен қатар, жасушадан тыс нуклеин қышқылдары лейкоциттермен кешендер құрып, бұл лейкоциттердің миграцияға қабілеттілігіне негізделе отырып, ісік жасушаларының ДНҚ-сының ұлпаларға көшуін түсіндіреді [170].

Жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының қанда пайда болуын түсіндірудің бір қарапайым нұсқасы – ағзадағы жасушалардың үнемі өлуі және олардың хроматинінің деградациялану процестері болуы мүмкін.

Осылайша, ең алдымен, қандағы жасушадан тыс ДНҚ-ның көзі қанның ядросы бар жасуша элементтерінің немесе эндотелиальды жасушалардың некрозы [171] немесе апоптозы [172] болуы мүмкін. Апоптоз – бұл бағдарламаланған жасушалық өлімнің ең кең таралған түрі, ол күн сайын белгілі бір жасушалардың өліміне әкеледі. Жасушалардан шыққан ДНҚ-ның 1-10 г-ы апоптоз нәтижесінде күн сайын деградирленеді деген болжамды есептер бар. Апоптотикалық жасушалар мен апоптотикалық денешіктер макрофагтар, дендритті немесе эндотелиальды жасушалар тарапынан сіңіріліп, қортылады [173]. Мүмкін, апоптотикалық денешіктердің бір бөлігі осы үдерістен қашып, қанға өтеді. Жасушадан тыс ДНҚ мөлшері апоптозды индукциялау кезінде айтарлықтай артады. Жасушадан тыс ДНҚ деңгейінің төмендеуі апоптозды тежеумен байланысты, мұндай жағдайда жасушадан тыс ДНҚ құрамы өзгеруі мүмкін. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ісіктердің жасушадан тыс ДНҚ-сы иммундық жүйені тежейді және жасушаларға трансформациялық әсер етеді.

Ионизирлеуші сәулелену апоптозды индукциялау мен жасушадан тыс ДНҚ-ның бөлінуі арасындағы байланысты көрсететін мысал болып табылады [174].

Қалыпты жағдайда некроз апоптозға қарағанда айтарлықтай сирек кездеседі. Некроз ауыр, қайтымсыз зақымданулардың нәтижесінде индукциялануы мүмкін, мысалы, ұзақ уақыт бойы ишемия, жоғары дозадағы ионизирлеуші сәулелену, жоғары температура немесе жасуша мембранасын зақымдайтын немесе жасушадағы энергия өндірісін блоктайтын агенттердің әсері. Некроз хроматиннің конденсациясымен, жасушаның көлемінің ұлғаюымен және оның кейіннен лизисімен сипатталады. Қалыпты жағдайда некротикалық жасушалар негізінен байқалмайды, сондықтан бұл жасушалық өлім түрі плазмада ДНҚ-ның айтарлықтай бөлігінің пайда болуын қамтамасыз ете алмайды және бұл, мүмкін, жеткіліксіз васкуляризацияның нәтижесі ретінде көрінуі мүмкін [175].

ДНҚ қанға жасушалық құрылымдардың түзілуі мен жасушалардың өлімі нәтижесінде, сондай-ақ жасушадан тыс кеңістікке секрециялануы арқылы пайда болып, айналуы мүмкін. Дегенмен, жасушадан тыс ДНҚ-ның белсенді секрециясын қамтамасыз ететін механизмдер толық анықталған жоқ, сондай-ақ әрбір процестің қан айналымындағы нуклеин қышқылдарының пайда болуына қосатын үлесі де анықталмаған [174, р. 87-93].

Жасушалық ДНҚ-да нүктелік мутациялар, микросателлитті қайталаулар, инверсиялар және делециялар анықталған. Микросателлитті қайталаулар бірнеше рет қайталанған қысқа ди-, три-, тетра-, пента- немесе гексануклеотидтерден тұрады. Микросателлитті қайталаулардың саны белгілі бір шектен асып, геномда орналасуы генетикалық ақаулардың дамуына әкеледі. Сонымен қатар, сыртқы жасушалық ДНҚ-да промоторлық тізбектердің гиперметилициясы анықталған. Қан плазмасында жасушадан тыс ДНҚ

сонымен қатар нуклеосомалармен кешендерде және митохондриялды ДНҚ-мен бірге болуы мүмкін [176].

Жасушадан тыс ДНҚ-ның қан айналымында пайда болуының белгілі механизмдерінің бірі – қанның жасуша құрылымдарының, яғни тромбоциттер мен эритроциттердің қалыптасуы мен жетілу процесі болуы мүмкін. Қан айналымында эритроциттер өмірінің барлық кезеңінде (100-120 күн) қызмет атқарады, содан кейін олар макрофагтармен, негізінен көкбауырда, бауырда және қызыл сүйек кемігінде ыдырайды. Эритроциттің жетілу процесінде, эритробластты аралда болғанда немесе қан тамырларының қабырғасы арқылы сүйек кемігінің қанайналымына өткенде, ядро шығарылып тасталады. Эритроциттердің күнделікті жаңаруына байланысты қанға едәуір мөлшерде ДНҚ түсуі мүмкін, ол негізінен макрофагтармен фагоцитоздалады, алайда кейбір ДНҚ қан айналымында қалады. Тромбоциттер – ядросыз жасушадан тыс құрылымдар, олар мегакариоциттердің цитоплазмасының бөліктерінің бөлінуі нәтижесінде түзіледі. Тромбоциттер қан айналымында 5-10 күн бойы болады, содан кейін негізінен көкбауыр мен өкпеде макрофагтармен фагоцитоздалады. Қабыну процесі кезінде нуклеин қышқылдары белсендірілген фагоцитарлық жасушалардан бөлініп шығады. Жасушадан тыс нуклеин қышқылдары ӨСОА (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы) нәтижесінде өкпелік фиброздың ко-продикторы ретінде қарастырылып, оларды экологиялық мониторингте токсиндердің әсерін анықтау үшін және ауруларды диагностикалау мақсатында қолдану мүмкіндіктері талқылануда [177-179].

Сонымен қатар, сыртқы жасушалық нуклеин қышқылдарының асептикалық қабынудағы рөлі де зерттелуде [180-182]. Қан айналымында жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының ұзақ уақыт бойы сақталуы, олардың тиімді тазаланбауы жүйелі қабынудың реакциялар каскадының пайда болуына әкелуі мүмкін [180, р. 139-160; 182, р. 889-889].

Жасушадан тыс ДНҚ-дан бөлек, жасушадан тыс РНҚ зерттелуде. Қан айналымында циркуляциялайтын жасушадан тыс РНҚ әдетте 15-200 нуклеотидтен тұрады, олардың мақсатты жасушаларға қатысты функционалды белсенді болуы мүмкін және салыстырмалы түрде тұрақты. Жасушадан тыс РНҚ арасында микроРНҚ-ға көбірек көңіл бөлінуде – бұл кішкентай, кодтамайтын біржіпшелі РНҚ молекулалары. МикроРНҚ әртүрлі процестерге, соның ішінде иммундық жауап, ДНҚ репарациясы, апоптоз, оксидативті стресс реакцияларына қатысады.

Биологиялық сұйықтықтарда микроРНҚ-ның жеткілікті мөлшері табылған. Циркуляциялайтын микроРНҚ-ның негізгі функциясы – жасушадан тыс байланыс, жасушалардың дифференциациясы мен пролиферациясын қамтамасыз ету. Жасушадан тыс микроРНҚ-ның белсенді түрде бөліну механизмі туралы болжам бар, атап айтқанда, церамидке тәуелді секреторлық механизм арқылы. Қан плазмасында микроРНҚ липопротеиндермен, апоптотикалық көпіршіктермен, микровезикулалармен немесе экзосомалармен кешен құрып циркуляцияланады, бұл оларды жеткілікті тұрақты етеді [183].

Жасушадан тыс РНҚ-ның бөліну механизмін түсіну бағытында елеулі алға жылжығандығы байқалады. Зерттеулер көрсеткендей, жасушадан тыс РНҚ жасушалардан везикулярлық транспорт арқылы немесе оны эндонуклеазалардан қорғау үшін ақуыздармен кешен құрып бөлінуі мүмкін. Қазіргі таңда қолданыстағы гипотеза бойынша, осы қорғалған РНҚ жасушалар арасындағы коммуникацияны жүзеге асырады [184]. Ісік жасушаларымен қатар, микровезикулалар тромбоциттерден, эндотелиальды жасушалардан және қабыну реакцияларына қатысатын басқа да жасушалардан түзілуі мүмкін [185]. МикроРНҚ-ның биологиялық сұйықтықтарда жоғары тұрақтылығының арқасында, циркуляциялайтын микроРНҚ-ның көп профилін диагностикалық мақсаттарда анықтау бойынша зерттеулер жүргізілуде. МикроРНҚ-ның дисрегуляциясы адамның кейбір ісік түрлерінің басталуында, дамуында және прогрессиясында маңызды рөл атқарады. МикроРНҚ зерттеулері қатерлі ісіктерді ерте диагностикалау, болжам жасау және емдеу үшін перспективалы бағыт болып табылады. Бүгінгі таңда сарысуда немесе плазмада кем дегенде 79 микроРНҚ-ны қатерлі ісіктердің (соматикалық немесе гематологиялық) биомаркерлері ретінде анықтау ұсынылған [183, р. 189-191]. МикроРНҚ иммундық жауапты тежейді [186, 187]. Циркуляциялайтын микроРНҚ-ның өзі белгілі бір ісік түрлерін емдеу мақсаттарында анықталуы мүмкін. Патогенетикалық процестер кезінде жасушадан тыс нуклеин қышқылдары мен қышқыл-ерітінді фракцияларының (ҚЕФ) өзгерістері қан сарысуында ғана емес, адамның басқа биологиялық сұйықтықтарында да байқалады. Бұл өзгерістер токсиканттар, шаңды және тұзды аэрозолдардың әсерінен туындауы мүмкін [188]. Тышқандарға жүргізілген эксперимент барысында тұзды-шаңды аэрозолдармен созылмалы әсер ету нәтижесінде олардың қан құрамындағы жасушадан тыс нуклеин қышқылдары (РНҚ, ДНҚ) мен ҚЕФ деңгейлері артқаны, және бір айлық қалпына келтіру кезеңінен кейін олардың деңгейі төмендегені анықталды [189].

Медико-биологиялық зерттеулердің басым бағыттарының бірі жасушадан тыс нуклеин қышқылдарын зерттеу болып табылады, себебі олар жасушалық зақымдануға (damage-associated molecular patterns, DAMPs) байланысты молекулалық паттерндер ретінде қарастырылады [181, р. 826-836]. Тотығу қысымы жағдайында ДНҚ-ның тотығу нәтижесінде зақымдануы орын алады, нәтижесінде тотыққан ДНҚ фрагменттері жасуша ядроларынан бөлініп, қысым-сигналдың қызметін атқарады. Тотыққан ДНҚ ОБТ-ны түзілуін ынталандырып, олар адаптивті жауапты іске қосады, бұл антиоксиданттық қорғау және детоксикация ферменттері гендерінің экспрессиясының өзгеруін, қысымдық актин жіптерінің түзілуін және т.б. қамтиды [182, р. 886-889; 190].

2 МАТЕРИАЛДАР МЕН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

2.1 Зерттеу дизайны

2019 жылы зерттеу басталған кезде «Арселор Миттал Теміртау» акционерлік қоғамының көмір департаменті 18 көмір өндіруші кәсіпорнын қамтыды. Қауіпті жұмыс жағдайларында, әсіресе көмір-кенді шаңмен тікелей байланыста 13 143 адам жұмыс жасаған. Кәсіптік аурулармен 1 204 адам тіркеуде тұрды (бұл 10 мың жұмысшыға шаққанда 790 науқасқа тең).


Жұмыс негізінде «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамының көмір департаменті Кузембаев атындағы шахтасында жұмыс ететін 140 денсаулығы жақсы кеншілер арасында жүргізілген обсервациялық перспективті когорталық зерттеу жатыр. Үлгі көлемін есептеу үшін «Ері InfoTM» бағдарламасы қолданылып, ол шахтада жұмыс істейтін барлық жерастындағы тау-кен жұмысшыларының жалпы санының 10,9%-ын құрады (1294 адам). Кеншілерді таңдау (жерастындағы тау-кен жұмысшылары, жерастындағы электрослесарьлар, тазарту забойындағы жұмысшылар, бұрғылаушылар, тау-кен шебері, электрпоезд машинистері, тау-кен қазу машиналарының машинистері) зерттеу үшін стратификацияланған іріктеу әдісімен жүргізілді. Бұл іріктеу олар Қарағанды қаласындағы «Гиппократ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің медициналық фирмасында кезекті медициналық тексеруден өтіп, ақпараттандырылған келісімге қол қойған кезеңде, 2019 жылдың маусымынан қыркүйегіне дейін өткізілді. Алғашқы кезеңде зерттелетіндерді іріктеу қосу және шығару критерийлеріне сәйкес жүргізілді. Содан кейін 4 топ анықталды, әр топта кемінде 30 адамнан болды. Топтарды толтыру кездейсоқ әдіспен жүзеге асырылды. Пурин алмасуы метаболиттері мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының деңгейі созылмалы аурулардың болуына, сыртқы факторлардың әсер ету ұзақтығына байланысты өзгеретіндіктен, бастапқы зерттеу тобына жерасты жұмыстарында 1 жылдан 10 жылға дейін әртүрлі жұмыс өтілі бар, сау адамдар, ешқандай созылмалы аурулары жоқ кірді және шахтада жұмыс істемейтін сау адамдардан тұратын бақылау тобы алынды. Бізге дейінгі жүргізілген зерттеулерде көмір шахттарындағы шаң факторларының адамның денсаулығына зиянды әсерін кеңінен зерттелгенін көрсетті [67]. Мысалы, Муравлева Л.Е. [6] тыныс алу жүйесінің шаңдық патологиясында пурин метаболиттерінің өзгеруін алғаш зерттеп бастаған. Тыныс алу ағзаларының шаңдық аурулары көбінесе кеншілерде жұмыс өтілі 10 жылдан асқан кезде дамиды деп Laneu мен Weissman (2014) атап өткендей, жұмыс өтілі ұлғайған сайын созылмалы респираторлық бұзылыстардың даму қаупі артатыны анық [67]. Зерттеулер көрсеткендей, жұмыс өтілі 10 жыл және одан көп болатын көмір шахталарында жұмыс істейтін шахтерлердің пурин метаболиттерінің деңгейі кәсіби шаңдық өкпе аурулары (пневмокониоз, созылмалы бронхит және т.б.) бар тұлғаларда айтарлықтай жоғары болып табылады [6]. Petsonk және әріптестері (2013) көрсеткендей, 5–15 жылдық еңбек өтілі бар жұмысшыларда өкпенің вентиляциялық функциясы (FEV1, FVC) төмендей бастайды, бұл кезең респираторлық зақымданудың бастапқы сатысы ретінде сипатталады [66]. Зерттеуге жұмыс өтілі 10 жылдан асқан

кеншілерді қоспау себебі олардың тек респираторлық емес, сонымен қатар басқа созылмалы спецификалық емес ауруларды дамыту қаупінің жоғары болуымен байланысты, бұл пурин метаболиттеріндегі және жасаушадан тыс нуклейін қышқылдарының нақты өзгерістерді болашақта анықтауға кедергі келтіруі мүмкін.

Екінші кезеңде көмірші-кеншілердің денсаулығын бағалау үшін, электронды денсаулық паспортын үш жыл бойы динамикалық бақылау, зерттеу нәтижелерін талдауда жүргізілді (1-сурет).

Зерттеуге қосу критерийлері: денсаулығы жақсы көмірші-кеншілер, ер адам, жасы 18-ден жоғары, жерастындағы жұмыс өтілі 10 жылға дейін, тексеру кезінде тыныс алу жүйесінің рентгенологиялық өзгерістері мен сыртқы тыныс алу функциясының бұзылуы болмауы, кәсіби патология маманынан «Денсаулығы жақсы» деген қорытындының болуы, ақпараттандырылған келісімге қол қойылуы. Барлық тексерілгендер ғылыми жобада қатысу туралы хабардар етіліп, ғылыми жобаның мақсаттары мен міндеттерімен таныстырылды. Ғылыми жобада қатысуға келісім болған жағдайда, зерттелушілер ақпараттандырылған келісімге қол қойды.

Зерттеуден шығару критерийлері: жасы 18-ге толмағандар, әйелдер, кез келген патологияның болуы және темекі шегу. Барлығы бес топ құрылды: 4 топ әртүрлі жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілер: Барлығы бес топ құрылды: 4 топ әртүрлі жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілер: 1-топ – 3 жылға дейінгі жерастында жұмыс өтілі бар 31 адам, 2-топ – 3 жылдан 5 жылға дейінгі жерастында жұмыс өтілі бар 36 адам, 3-топ – 5 жылдан 7 жылға дейінгі жерастында жұмыс өтілі бар 37 адам, 4-топ – 7 жылдан 10 жылға дейінгі жерастында жұмыс өтілі бар 36 адам. Бақылау тобы (0 топ) – 30 денсаулығы жақсы адам, олардың жұмыс етуі шаңмен (жерастындағы жұмыс) байланысы болмаған, тексеру кезінде ешқандай жедел және созылмалы ауруы болмаған адамдар.



Сурет 1 – Зерттеудің дизайны

Клиникалық тексеру жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүргізіліп, бастапқы құжаттама толтырылды. Оған пациенттердің төлқұжат деректері, анамнез мәліметтері, науқастарды физикалық тексеру және қажетті зертханалық-аспаптық зерттеу әдістері (жалпы қан талдауы, кеуде қуысы ағзаларының флюорографиясы, спирография, электрокардиография) енгізілді. Бұл зерттеулер 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының «Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Зерттелген тұлғалардың электрондық денсаулық паспорттарын талдау 2017-2022 жылдар аралығында жүргізілді. Бұл талдау зерттеу басталғаннан кейін 1-3 жыл ішінде ауру себебімен медициналық мекемелерге жүгіну жиілігін, жұмысқа жарамсыздық парағы бойынша жұмысқа шықпаған күндер санын және нәтижелерді бағалауға бағытталды. 1-суретте көрсетілгендей, динамикалық ретроспективті және проспективті зерттеу электрондық денсаулық паспорттарын талдау негізінде жүргізілді. Зерттеуге қатысушылар бұл деректерді пайдалануға өз келісімдерін берді. Барлық зерттелген тұлғалар проспективті бақылау жылдары ішінде шахтада жұмыс істеген қызметкерлер болды және жыл сайынғы медициналық тексеруден өтіп отырды, бұл мәліметтер ЭДП-ға (электрондық денсаулық паспортына) тіркеліп отырды. Зерттеудің басында бұл адамдар салыстырмалы түрде дені сау, созылмалы аурулары жоқ тұлғалар болды. Зерттелген когорта ішінде өлім-жітім жағдайлары тіркелмеген. Осылайша, біздің зерттеуімізде зерттелген адамдардың саны зерттеу басында да, соңында да бірдей болды.

Барлық зерттелген тұлғалардың қан плазмасында пурин алмасуының метаболиттері мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдары анықталды.

2.2 Зерттеу материалдары

Барлық зерттелген тұлғалардың қан плазмасында пурин алмасуының метаболиттері мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдары анықталды. Зерттеу материалы ретінде веноздық қан пайдаланылды. Қан алу аш қарынға, зерттелушінің шынтак венасынан 5 мл көлемінде, стерильді бір реттік құралдармен, гепаринмен бір реттік вакутейнерлерге, Қарағанды қаласындағы «Гиппократ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Медициналық фирмасының процедуралық кабинетінде жүргізілді. 3000 айн/мин жылдамдықта 10 минут бойы центрифугалаудан кейін плазма Қарағанды медицина университетінің биомедицина кафедрасының биохимиялық зертханасында бөлінді. Зерттеу жүргізу барысында биологиялық материалды тасымалдау және жинау ережелерінің барлығы сақталды.

2.3 Зерттеу әдістері

2.3.1 Биохимиялық зерттеу әдісі

2.3.1.1 Қан плазмасындағы пурин алмасуының абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау

Барлық зерттелген тұлғалардың қан плазмасындағы бос пурин негіздерінің (аденин және гуанин) және олардың катаболизм аралық өнімдерінің – гипоксантин, ксантин және несеп қышқылының мөлшері Орешников Е.В. және авторлар әдістемесіне [191] сәйкес Аре1 303UV спектрофотометрінде тікелей спектрофотометрия әдісімен анықталды.

Зерттеу үшін 0,3 мл қан плазмасы стандартты шыны пробиркаға енгізілді. Кейін пробирка қайнап тұрған су моншасында 5 минут бойы термокоагуляциядан өткізілді. Міндетті шарт – коагулянттың дефрагментациясын болдырмау үшін белсенді қайнатуды сақтау. Бөлме температурасында бірнеше минут суытқаннан кейін пробиркаға 3 мл бидистилденген су қосылды.

37°C температурада 30 минуттық инкубациядан кейін экстракттың экстинкциясын таза экстрагентке (бидистилденген су) қарсы 10 нм оптикалық жол ұзындығы бар оптикалық кюветада өлшеді. Осы кезде 246, 250, 261, 276 және 293 нм толқын ұзындықтарындағы экстинкция сәйкесінше плазмадағы гуанин, гипоксантин, аденин, ксантин және несеп қышқылының концентрациясын көрсететіні негізге алынды.

Пурин негіздерінің концентрациясы экстинкция бірліктерінде (ед. экст.), ал несеп қышқылының концентрациясы мкмоль/л-мен көрсетіліп, төмендегі (1) формула бойынша есептелді:

$$C=E*1000 \quad (1)$$

Мұндағы:

C – Пуриндік алмасу метаболиттерінің концентрациясы ед. экст. (мкмоль/л);

1000 – Экстинкция мәндерін концентрацияға айналдыру коэффициенті

Сонымен қатар, пуриндердің әртүрлі сатылардағы тотығуында негізгі фермент болып табылатын ксантинооксидаза ферментінің белсенділігі бағаланды. Осы мақсатта барлық зерттелген топтарда ксантин/гипоксантин (1-саты), несеп қышқылы/ксантин (2-саты), несеп қышқылы/гипоксантин (екі саты) индекстері есептелді. Есептелген индекстердің салыстырмалы норма көрсеткіштерінен төмендеуі ферменттің төмен белсенділігін, ал жоғарылауы – жоғары белсенділігін көрсетеді. Сондай-ақ, ксантин/гуанин қатынасы есептелді, ол гипоксияның ауырлығын көрсететін көрсеткіш болып табылады. Бұл көрсеткіштің төмендеуі оттегі тапшылығы жағдайында орын алады және гипоксияның бар екенін көрсетеді [192]. Пуриндік алмасу қарқындылығының индикаторы (ПАҚИ) ретінде гипоксантин концентрациясының одан түзілетін

өнімдерге (ксантин және несеп қышқылы) қатынасы есептелді, бұл пуриндердің катаболизмінің қайтымсыздығын анықтайды [193, 194]:

$$\text{ПАҚИ} = \text{гипоксантин} / (\text{ксантин} + \text{несеп қышқылы}) \quad (2)$$

2.3.1.2 Қан плазмасындағы жасушадан тыс нуклеин қышқылдарын анықтау

Қан плазмасында жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының (жтДНҚ және жтРНҚ) және олардың прекурсорлары – қышқылда еритін фракцияларды (ҚЕФ) анықтау үшін Маркушева Л.И. және Савина М.И. әдісі қолданылды [195]. Бұл

әдіс жасушалық деструкцияның тотығу стрессі мен қабынудың индуктивті әсерінен туындаған деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. 1 мл қан плазмасына 5 мл 0,5 Н HClO₄ қосып, араластырғаннан кейін, қоспаны 5000 айн/мин жылдамдықта 15 минут центрифугалады. Үстіңгі сұйықтықты қышқылда еритін фракция (ҚЕФ) ретінде бөледі, оның құрамына бос нуклеотидтер, олигонуклеотидтер және басқа да нуклеотидті табиғаттағы заттар – нуклеин қышқылдарының прекурсорлары кіреді. Тұнбаға 10 мл 10% HClO₄ қосып, араластырып, 37°C температурада ұстайды, содан кейін 5000 айн/мин жылдамдықта 15 минут центрифугалайды. Үстіңгі сұйықтықты бөліп алады – бұл РНҚ гидролизаты. Қалған тұнбаға 3 мл 10% HClO₄ қосып, араластырып, 70°C температурада 7 минут ұстайды, содан кейін 5000 айн/мин жылдамдықта 15 минут центрифугалайды. Үстіңгі сұйықтықты бөліп алады – бұл ДНҚ гидролизаты. Жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының (жтДНҚ және жтРНҚ) және ҚЕФ гидролизаттарын 260 және 290 нм толқын ұзындығында Ape1 303UV спектрофотометрінде талданды. Өлшем бірліктері мкг/мл түрінде анықталады.

2.3.2 Статистикалық зерттеу әдістері

Алынған деректердің статистикалық өңдеуі IBM SPSS Statistics 22 және Statistica 13.2 сияқты стандартты қолданбалы статистикалық талдау бағдарламалық пакеттерін пайдалану арқылы жүргізілді [196]. Деректердің таралуының нормальдылығын бағалау Шапиро-Уилк критерийі арқылы зерттелді, нәтижесінде көрсеткіштердің қалыпты емес таралуы анықталды. Сондықтан статистикалық өңдеу параметрлік емес статистика әдістерімен жүзеге асырылды.

Жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілердің қан плазмасындағы пурин алмасуы метаболиттері, жасушадан тыс нуклеин қышқылдары жтРНҚ, жтДНҚ және ҚЕФ мәндерін салыстыру үшін Краскел-Уоллис критерийі (5 тәуелсіз топ үшін) қолданылды. Бұл параметрлік емес әдіс, ол топтар саны үштен көп болғанда, және мәліметтер нормальды үлестірімге бағынбайтын жағдайда қолданылады. Бұл әдісте келесі формула (3) қолданылды:

$$p = P(\chi^2(4) \geq H). \quad (3)$$

Мұндағы:

H — Краскел-Уоллис критерийінің статистикасын көрсетеді, df — еркіндік дәрежесі

Осы формуланы қолдана отырып, $P < 0,0127 \rightarrow$ статистикалық маңызды айырмашылық анықталды. Топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатында апостериорлық салыстырулар екі таңдаулы Вилкоксон критерийі (Манн-Уитни критерийі) арқылы жүргізілді.

2018 жылы «Арселор Миттал Теміртау» Акционерлік Қоғамында көмір-кен жынысы шаңымен байланыста жерасты жағдайында жұмыс істейтіндердің саны 13143 адамды құрады. «Ері InfoTM» бағдарламасы арқылы есептелген ең аз таңдау көлемі 147 адамды құрады, бұл Күзембаев атындағы шахтада жұмыс істейтін жалпы жерасты көмірші-кеншілерінің (1294 адам) 10,8%-ын құрады [197]. Статистикалық қателік деңгейі – 5% [198].

Зерттеліп отырған клиникалық нәтижеге тәуелсіз ықпал ететін предикторларды айқындау үшін жұмыста көпфакторлы логистикалық регрессия әдісі қолданылды. Бұл әдіс әрбір көрсеткіштің әсерін басқа айнымалылардың ықпалын бір мезгілде ескере отырып бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл бірөлшемді талдаумен салыстырғанда нәтижелерді неғұрлым дәл әрі дұрыс интерпретациялауға жағдай жасайды.

1. Айнымалыларды алдын ала іріктеу

Бірінші кезеңде әрбір көрсеткіш үшін регрессия коэффициенті B , ықтималдықтар қатынасы $\text{Exp}(B)$, мәнділік деңгейі (p), сондай-ақ 95% сенімділік интервалдары бағаланған бірөлшемді логистикалық талдау жүргізілді. Айнымалылар көпфакторлы модельге келесі критерийлердің кемінде біріне сәйкес болған жағдайда енгізілді: бірөлшемді талдауда статистикалық мәнділік болуы ($p < 0.10$); айнымалыны енгізудің клиникалық немесе биологиялық тұрғыдан негізділігі; айқын мультиколлинеарлықтың болмауы; көрсеткіштің жеткілікті вариативтілігі.

Осылайша, көпфакторлы модельге келесі айнымалылар енгізілді: гуанин, ксантин, несеп қышқылы, ҚЕФ, жТРНҚ, еңбек өтілі топтары, сондай-ақ пурин алмасуын және кәсіби сипаттамаларды көрсететін предикторлар (0–4 топтық еңбек өтілі).

2. Санаттық айнымалыларды кодтау «Жұмыс өтілі» санаттық айнымалысы бес категорияға бөлініп (0, 1, 2, 3, 4) фиктивтік (dummy) айнымалылар жүйесіне түрлендірілді. 0 тобы референс (сілтеме) категориясы ретінде таңдалды, 1–4 топтар SPSS арқылы автоматты түрде бинарлық айнымалыларға (0/1) кодталды. Әрбір коэффициент соңғы модельде базалық категорияға қатысты сәйкес категорияға өту кезінде оқиғаның логит ықтималдығының өзгерісін көрсетеді.

3. Модель құру алгоритмі.

Көпфакторлы модель SPSS стандартты процедурасына сәйкес құрылған:

1. Барлық таңдалған предикторларды модельге енгізу (Enter әдісі).
2. Параметрлерді максималды ықтималдық әдісімен бағалау.
3. Әр коэффициенттің мәнділігін тексеру (Wald-тесті).
4. Шанс қатынасын ($\text{Exp}(B)$) және сенімді интервалдарды талдау.
5. Модельдің диагностикалық тексерісі: коллинеарлықты тексеру, коэффициенттердің тұрақтылығын талдау, модельдің конвергенциясын

бағалау, ықтимал «тамаша бөліну» (perfect separation) белгілерін интерпретациялау.

4. Теңдеуді құру

Логистикалық регрессия теңдеуі дәстүрлі түрде келесі түрде жазылды:

$$\text{logit}(p) = \ln\left(\frac{p}{1-p}\right) = \beta_0 + \sum_{i=1}^k \beta_i X_i, \quad (4)$$

Мұндағы:

p — зерттелетін нәтиженің пайда болу ықтималдығы,

β_0 — константа,

β_i — регрессия коэффициенттері,

X_i — тиісті предикторлардың мәндері.

SPSS арқылы алынған коэффициенттер «Нәтижелер» бөлімінде келтірілген теңдеуге қойылды.

5. Коэффициенттерді интерпретациялау

B коэффициентінің оң мәні предиктордың мәні артқан сайын оқиға ықтималдығы логиттерінің өсетінін көрсетеді.

B коэффициентінің теріс мәні зерттелетін нәтижесінің ықтималдығының төмендейтінін білдіреді.

$\exp(B)$ предиктор бір бірлікке артқанда немесе басқа категорияға ауысқанда шанс қатынасы ретінде түсіндіріледі.

$\exp(B)$ үшін кең сенімді интервалдар интерпретацияда сақтықты талап етеді және бұл шағын таңдаманың немесе деректер гетерогенділігінің белгісі болуы мүмкіндігін көрсетеді.

6. Модельдің ерекшеліктері

Кейбір айнымалылар үшін (мысалы, ҚЕФ) коэффициенттердің өте үлкен мәндері байқалды, бұл келесі себептермен байланысты болуы мүмкін: мәндердің тар диапазондарымен, белгі (айнымалы) үлестірімінің ерекшеліктерімен, деректердің ішінара бөлінуімен (separation), мультиколлинеарлықпен.

Барлық бес топтағы пациенттердің нәтижелеріне пурин алмасуы метаболиттері, жтДНК, жтРНҚ және ҚЕФ плазмадағы деңгейлері, жас мөлшері, жерасты жұмыс өтілі, еңбекке жарамсыздық парағында болу ұзақтығының әсерін бағалау үшін логистикалық регрессия қолданылды. Нәтижелердің жиынтық тобына ӨСОА, созылмалы бронхит, созылмалы синусит, пневмокониоз сияқты жағдайлар енгізіліп, келесі түрде кодталды: 0 – кез келген нәтиженің болуы, 1 – кез келген нәтиженің болмауы. Енгізу әдісі – тәуелсіз предикторларды бір уақытта мәжбүрлі қосу. Көпфакторлы талдау $p < 0,05$ болған ковариаттарды немесе олар негізгі әсер мәнін $\geq 10\%$ -ға өзгерткен жағдайда қамтыды. Маңыздылық деңгейі $p = 0,05$ деп қабылданды.

2.4 Зерттеуді этикалық бекіту

Зерттеуді жүргізуге этикалық бекіту Қарағанды медицина университетінің Биоэтика комитеті тарапынан 2019 жылғы 16 мамырдағы №18 хаттамаға сәйкес берілді. Зерттеуге қатысушылардың барлығы зерттеудің мақсаттары туралы хабардар етіліп, жазбаша ақпараттандырылған келісімге қол қойды. Қатысушылардың деректері базаға енгізіліп, олардың анықтағышы шифрланды.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Зерттелген тұлғалардың клиникалық сипаттамасы мен 2017 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңдегі электронды денсаулық паспорты мәліметтері бойынша тыныс алу жүйесіндегі аурушаңдықтың жиілігін бағалау

3.1.1 Зерттеуге дейінгі кезеңдегі (2017–2019 жылдар) және зерттеу барысында 1-3 жыл (2020-2022 жылдар) электронды денсаулық паспорты мәліметтері бойынша зерттелген тұлғалардың клиникалық сипаттамасын және тыныс алу жүйесіндегі аурушаңдықтың жиілігін бағалау

Кесте 10 – Көмірші-кеншілердің жұмыс өтіліне сай топтардағы пурин алмасуының қарқындылығын (ПАҚ) талдау.(Me (Q25; Q75))

Көрсеткіштер	Жұмыс өтілі бар топ					H	df	P
	0 топ	1 топ	2 топ	3 топ	4 топ			
Кс/ГКс	0.40 (0,37; 0,42)	0,38 (0,37; 0,43)	0,39 (0,3; 0,43)	0,38 (0,37; 0,44)	0,39 (0,38; 0,42)	1,554	4	0,817

Ескерту: * $p < 0.05$ критикалық маңыздылық деңгейі; Кс – ксантин; ГКс – гипоксантин; H — Краскел–Уоллис критерийінің статистикасы; df — еркіндік дәрежесі

3.2.2 10 жылдық жерасты өтілі бар көмірші-кеншілер қанының плазмасындағы жасушадан тыс нуклеин қышқылдарын талдау

Кесте 11 бойынша талдауда ҚЕФ (қышқылда еритін фракция), жасушадан тыс ДНҚ (жт-ДНҚ) және жасушадан тыс РНҚ (жт-РНҚ) деңгейлерінің жерасты еңбек өтіліне байланысты өзгерістері көрсетілген. Барлық көрсеткіштер медиана (МЕ) және квантильдер (Q1; Q3) түрінде берілген. Топтар 0–ден 4–ке дейін кеншілердің жұмыс өтіліне сәйкес бөлінген. Статистикалық талдау екі әдіспен жүргізілген: Краскел–Уоллис критерийі — 5 топ арасындағы жалпы айырмашылықты бағалау. (Маңыздылық деңгейі $p < 0.0127$). Екіншісі Манн–Уитни тесті — топтар арасындағы жұптық салыстыру (мысалы, 0 мен 1, 0 мен 2 және т.б.) (Маңыздылық деңгейі $p < 0.05$). ҚЕФ бойынша нәтижелеріне тоқталсақ 0-топқа қарағанда ҚЕФ деңгейі 3-топта ($p = 0.001$) және 4-топта ($p = 0.024$) айтарлықтай жоғары. Бұл жерасты еңбек өтілі ұлғайған сайын тіндік бұзылыстар мен қабыну маркерлерінің артатынын көрсетеді. 1–2 топтарда айқын айырмашылық байқалмайды. Ұзақ уақыт жерасты жұмысымен айналысатын кеншілерде ҚЕФ деңгейі айтарлықтай жоғарылап, бұл тіндердің зақымдануын және қайта қалпына келтіру процестердің әлсіреуін көрсетеді. Жасушадан тыс ДНҚ бойынша нәтижелер 0-топпен салыстырғанда 1-топта ($p = 0.009$) және 4-топта ($p = 0.024$) ДНҚ деңгейі жоғары. Бұл ұзақ мерзімді шаң экспозициясы жасушалық зақымдануды күшейтетінімен түсіндіріледі. 2–3 топтарда ауытқу бар, бірақ маңыздылық шегіне жетпейді. Жт-ДНҚ деңгейінің артуы өкпе тініндегі жасушалардың деструкциясы күшейетінін білдіреді. Жасушадан тыс РНҚ нәтижелері 1-топта 0-топпен салыстырғанда өте жоғары ($p = 0.000$). 2-топта да ($p = 0.009$) өсім бар. 3-топта 0-топқа қарағанда төмендеу байқалады ($p = 0.001$), алайда бұл топта медиана тұрақты. 4-топта 1-топпен салыстырғанда төмен ($p = 0.042$). Жасушадан тыс РНҚ деңгейінің айтарлықтай жоғарылауы созылмалы қабыну, жасушаның қалыпты қызметін сақтау қабілетінің уақытша немесе тұрақты төмендеуі, құрылымдық өзгерістеріне және өкпенің қайта құрылу үдерістерімен байланысты. Көрсеткіштің 1 және 2 топтарда күрт жоғары болуы ерте кезеңдегі қабыну реакциясының белсенділігін көрсетеді.

Жерасты жұмыс өтіліне байланысты көмірші-кеншілерінің қан плазмасындағы ҚЕФ пен жтРНҚ деңгейлерінде статистикалық тұрғыдан маңызды өзгерістер анықталды. ҚЕФ медианалық мәні 5 жылдан астам жұмыс өтілі бар топта екі есе жоғарылады. ЖтРНҚ деңгейі 3 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілер тобында 4 есеге артып, 5 жылдан астам жұмыс өтілі бар топта төмендеді. Плазмадағы жтДНҚ медианалық мәндері жұмыс өтіліне байланысты артып, ең жоғары деңгейіне 4-топта (жұмыс өтілі 7 жылдан 10 жылға дейін) жетті. Алайда, p мәні статистикалық маңыздылық шегіне жеткен жоқ.

Кесте 11 – Жерастында жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілердің қан плазмасындағы ҚЕФ, жасушадан тыс ДНҚ (жтДНҚ) және жасушадан тыс РНҚ (жтРНҚ) деңгейлерінің талдауы (Me (Q25; Q75))

Көрсеткіштер	Топтар МЕ (Q1;Q3)					Краскеле Уолиса бойынша статистикалық әдіс			Әдіс жүргізіп статистикалық әдісі (р маңыздылық деңгейі) **									
	0	1	2	3	4	Н	df	Р*	0 мен 1	0 мен 2	0 мен 3	0 мен 4	1 мен 2	1 мен 3	1 мен 4	2 мен 3	2 мен 4	3 пен 4
КЕФ	0.002497 (0.001857 ; 0.003486)	0.003654 (0.003092 ; 0.005217)	0.003749 (0.002972 ; 0.005822)	0.004 567 (0.00 3132; 0.006 226)	0.004004 (0.003176; 0.005987)	20.165	4	0.00*	0.009	0.9	0.216	0.001	0.130	0.618	0.302	0.242	0.024	0.242
Жт ДНҚ	0.000877 (0.000629 ; 0.001217)	0.001284 (0.000816 ; 0.001665)	0.000815 (0.000293 ; 0.001706)	0.001 069 (0.00 0526; 0.002 129)	0.001386 (0.000883; 0.00202)	11.904	4	0.018	0.009	0.9	0.216	0.001	0.130	0.618	0.302	0.242	0.024	0.242
Жт РНҚ	0.001092 (0.000829 ; 0.001719)	0.004304 (0.002343 ; 0.010799)	0.002251 (0.000897 ; 0.003124)	0.001 617 (0.00 1323; 0.002 362)	0.001432 (0.001227; 0.001721)	46.977	4	0.00*	0.00	0.009	0.001	0.063	0.000	0.000	0.000	0.716	0.039	0.042

Ескерту:

* $p < 0.0127$ критикалық маңыздылық деңгейі Краскеле–Уоллиса бойынша;

Me (Q1; Q3) — медиана және интерквартильдік аралық;

Н — Краскел–Уоллис критерийінің статистикасы; df — еркіндік дәрежесі (degrees of freedom).

** $p < 0.05$ критикалық маңыздылық деңгейі Манна–Уитни бойынша жұптық салыстыру

Статистикалық маңызды мәндер кестеде қалың шрифтпен ерекшеленген.

Біздің зерттеуіміздің шеңберінде жасушадан тыс ДНҚ деңгейі көмір-жыныс шаңының созылмалы экспозициясының ұзақтығына тәуелді және бұл процесс толқын тәрізді сипатқа ие.

Бақылау тобына қатысты жасушадан тыс ДНҚ деңгейінің 1,2-1,5 есе ($p=0.018$) және жТРНҚ деңгейінің 1,48-1,31 есе ($p=0,001$) жоғарылауы ағзаның дезадаптация процестерінің іске қосылғанын куәландырады. Яғни, жасушадан тыс ДНҚ деңгейі алғашқы үш жылда 1,2 есе жоғарылайды, бұл ағзаның бастапқы реактивтілігін көрсетуі мүмкін, әрі қарай жерасты жұмыс өтілі 7 жылға дейін болғанда бұл мәндер бастапқы деңгейге жетеді, бұл элиминация процестерінің іске қосылуымен байланысты болуы мүмкін. Жерастындағы жұмыс өтілі 7 жылдан асқаннан кейін бақылау тобына қатысты жасушадан тыс ДНҚ мәндерінің қайтадан 1,5 есе өсуі байқалады, бұл дезадаптация процестерін көрсетуі мүмкін. Осылайша, жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, көмір-жыныс шаңымен бастапқы жанасу кезінде көмір кеншілерінде оны элиминациялауға бағытталған бейімделу процесі іске қосылады деп болжауға болады. Алайда, осы шаңның ұзақ мерзімді экспозициясы (5 жылдан астам) ағзаның дезадаптациясына бағытталған каскадты реакциялардың іске қосылуына әкеледі.

Қан плазмасындағы жасушадан тыс РНҚ-ның тек аз ғана бөлігі еркін күйде болады. Көп бөлігі везикулаларда немесе ақуыз молекулаларымен байланысқан күйде сақталады, бұл оларды РНҚ-азаның әсерінен қорғайды. Жасушадан тыс РНҚ-ның рөлін зерттеу биомедициналық ғылымдағы перспективті бағыттардың бірі болып табылады. Олар жасушалар арасындағы ақпарат алмасуға, белгілердің берілуіне және ақуыз молекулаларының тасымалына қатысады.

3.3 Көмірші-кеншілер метаболиттерінің маңыздылығын көпфакторлы тәуелділіктер негізінде жерастында жұмыс өтіліне байланысты зерттелген көрсеткіштерді бағалау

Көмірші-кеншілер қызметкерлерінде тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының даму қаупіне пуриндік метаболиттердің, жасушадан тыс нуклеин қышқылдары маркерлерінің және бірқатар клиникалық-кәсіби факторлардың әсерін бағалау үшін жүргізілген көпфакторлы логистикалық регрессиялық талдаудың нәтижелері төмендегі кестеде көрсетілген (Кесте 12; 13).

Кесте 12 - Көмірші-кеншілердегі пурин алмасуы көрсеткіштерінің жалпы нәтижелерге әсерін бағалау үшін жүргізілген бірөлшемді логистикалық регрессия нәтижелері

Көрсеткіш	B (SE)	P	95% ДИ для exp B		
			Lower	Exp B	Upper
Ксантин	1.356 (0.527)	0.01	0.992	3.880	1.003
Гуанин	1.384 (.501)	0.006	0.992	3.990	1.003
Гипоксантин	0.998 (0.365)	0.006	0.995	2.712	1.004
Аденин	1.304 (0.475)	0.006	0.990	3.683	1.005
Ксантин	1.356 (0.527)	0.010	0.992	3.880	1.003
Несеп қышқылы	1.315 (0,505)	0.009	0.993	3.726	1.003
ҚЕФ	1.014 (0.337)	0.003	0.000	2.755	2.38×10^{51}
жтДНҚ	0.858 (0,3)	0.004	0.000	2.358	1.14×10^{209}
жтРНҚ	0.935 (0,181)	0.000	0.000	2.546	3.69×10^{17}
Жас	1.072 (.797)	0.178	0.955	2.920	1.041
Еңбекке уақытша жарамсыздық парағының ұзақтығы	1.539	0.000	0.915	4.660	0.972
Жұмыс өтілі	0.452	0.186		1.571	
Жұмыс өтілі (1)	0.780	0.155	0.744	2.182	6.399
Жұмыс өтілі (2)	0.486	0.351	0.586	1.626	4.515
Жұмыс өтілі (3)	0.647	0.209	0.696	1.909	5.236
Жұмыс өтілі (4)	0.541	0.083	1.640	1.718	4.613

Ескерту: B (SE) – регрессия коэффициенті (стандартты қатесімен бірге); Lower – төменгі шекарасы; Exp(B) – ықтималдықтар қатынасы; Upper – жоғарғы шекарасы; 95% ДИ – 95% сенімді интервал.

Берілген кестеде көмірші-кеншілердің тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының даму қаупіне пурин алмасуының биохимиялық көрсеткіштері мен бірқатар клиникалық-кәсіби айнымалылардың әсерін бағалауға арналған логистикалық регрессия нәтижелері келтірілген. Әрбір айнымалы үшін регрессия коэффициенттері (B), олардың стандартты қателері (SE), статистикалық маңыздылық деңгейі (p), сондай-ақ Exp(B) мәндері және олардың 95% сенімді интервалдары көрсетілген.

Анализ нәтижелері бойынша ксантин, гуанин, гипоксантин, аденин және несеп қышқылы сияқты пуриндік метаболиттер респираторлық патологияның

даму қаупімен статистикалық тұрғыда байланысқан ($p < 0,01$). Бұл көрсеткіштердің $\text{Exp}(B) > 1$ болуы олардың деңгейі артқан сайын патологиялық үрдістің даму ықтималдығының жоғарылайтынын білдіреді. Сенімділік интервалдардың салыстырмалы түрде тар болуы алынған нәтижелердің тұрақтылығын және модельдің сенімділігін айғақтайды.

Клеткалық фрагментацияның маркері (КЕФ), сондай-ақ жасушадан тыс ДНҚ мен РНҚ деңгейлері жоғары статистикалық маңыздылық көрсетті ($p < 0,01$). Аталған биомаркерлер бойынша $\text{Exp}(B)$ мәндерінің жоғарғы шекараларының өте үлкен болуы олардың әсерінің айқындылығын немесе деректердің айтарлықтай вариабельділігін көрсетуі мүмкін. Бұл көрсеткіштердің жоғарылауы тіндік зақымдану, қабыну және жасушалық деструкция процестерінің күшеюімен байланысты екенін растайды.

Жас көрсеткіші респираторлық аурулардың даму қаупімен статистикалық маңызды байланыс көрсеткен жоқ ($p = 0,178$), бұл осы зерттеу тобы үшін жас факторының айқын детерминант еместігін білдіреді. Ал еңбекке уақытша жарамсыздық парағының ұзақтығы жоғары маңыздылық танытты ($p < 0,001$). Мұндай байланыс ұзақ уақыттық функционалдық бұзылыстары бар жұмысшыларда еңбек жағдайларының әсеріне сезімталдықтың жоғары болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Жұмыс өтілінің айнымалысы және оның категориялық топтары (1–4) бойынша нәтижелер әрқелкі болды. Жалпы жерасты жұмыс өтілінің көрсеткіші маңыздылық деңгейіне жетпегенімен ($p = 0,186$), жерастында жұмыс өтілінің ең жоғары санаты – 4-топ (ұзақ жерасты жұмыс өтілі) – статистикалық тұрғыдан маңызды ($p = 0,083$ деңгейінде тенденция, ал көпфакторлы модельде $p = 0,025$). Бұл көмір шахталарында ұзақ уақыт еңбек ету тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларының даму қаупін арттыратынын жанама түрде көрсетеді.

Талдауға жұмыс өтілінің үздіксіз көрсеткіші де, оның категориялық градациялары да енгізілді. Жұмыс өтілінің негізгі көрсеткіші статистикалық маңыздылық деңгейіне жетпеді ($p = 0,186$). Алайда категориялық көрсеткіштердің біреуі (Жұмыс өтілі (4)) маңыздылыққа жақын мән көрсетті ($p = 0,083$), бұл жерасты жағдайларында ұзақ уақыт еңбек ету факторын тереңірек зерттеуді немесе іріктеме көлемін ұлғайтуды қажет ететінін меңзейді.

Логистикалық регрессия нәтижелері 14-кестеде көрсетілген. Жалпы топқа мынадай жағдайлар енгізілді: өкпенің созылмалы обструктивті ауруы (ӨСОА), созылмалы бронхит, созылмалы синусит, пневмокониоз. Олар келесідей кодталды: 1 – кез келген аурудың болуы, 0 – ешбір аурудың болмауы.

Көпфакторлы логистикалық регрессиялық нәтижелері көрсеткендей, зерттелген биохимиялық көрсеткіштер мен жұмыс өтілі топтары тыныс алу жүйесінің патологиясының даму ықтималдығына әртүрлі дәрежеде ықпал етеді. Ксантин концентрациясы мен нәтижелік көрсеткіш арасындағы байланыс теріс бағытты болып, статистикалық мәнділік деңгейінде байқалды ($B = -0.051$, $p = 0.044$).

Кесте 13 Әр түрлі жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілерде жиынтық нәтижелерге тәуелсіз факторлардың әсерін бағалау бойынша логистикалық регрессия нәтижелері

Показатель	B (SE)	P	95% ДИ для exp B		
			Lower	Exp B	Upper
Константа	1.721 (0.209)	0.000		5.593	
Гуанин	0.079 (1.254)	0.949	0.131	1.083	1.779
Ксантин	-0.051 (0.025)	0.044*	0.904	0.950	0.999
НҚ	0.020 (0.011)	0.072	0.998	1.020	1.043
ҚЕФ	705.40 (406.301)	0.083	0.000	2.248	
жтРНҚ	1.372 (0.507)	0.007*	1.460	3.945	10.660
0 топ	-	0.113			
1 топ	0.089 (0.791)	0.911	0.232	1.093	5.149
2 топ	0.712 (0.803)	0.376	0.422	2.037	9.835
3 топ	1.786 (0.952)	0.061	0.922	5.964	38.561
4 топ	2.159 (0.966)	0.025*	1.304	8.664	57.549

Ескерту: Зерттеуге енгізілген айнымалылар: Гуанин, Гипоксантин, Аденин, Ксантин, Несеп қышқылы, ҚЕФ, жт ДНҚ, жт РНҚ, жас, аурухана парағында болу ұзақтығы, жерасты еңбек өтілі ұзақтығы *Маңыздылықтың критикалық деңгейі $p=0,05$ B(SE) регрессия коэффициенті (стандарттық қате); Lower төменгі шекара; Exp B оқиғаның болу ықтималдылығы; Upper жоғарғы шекара

Ықтималдылық қатынасының мәні $\text{Exp}(B) = 0.950$ (95% CI: 0.904–0.999) ксантин деңгейінің бір бірлікке жоғарылауымен патология даму ықтималдығының аздап төмендейтінін көрсетті. Бұл пурин алмасуының төменгі деңгейдегі дисфункцияларының тыныс алу жүйесінің патогенезінде маңызды рөл атқаратынын айғақтайды.

Жасушадан тыс РНҚ (жтРНҚ) концентрациясы зерттелетін патологияның дамуына айтарлықтай оң әсер ететінін көрсетті ($B = 1.372$, $p = 0.007$). $\text{Exp}(B) = 3.945$ (95% CI: 1.460–10.660) шамасы бойынша жтРНҚ деңгейінің жоғарылауы тәуекелді айтарлықтай арттырады, бұл қабыну процестерінің күшеюін және жасушалық зақымданумен байланысты биохимиялық механизмдердің патогенезге тікелей ықпалын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жерастында жұмыс істейтін көмірші - кеншілерде жасушадан тыс РНҚ деңгейі жұмыс өтілінің алғашқы жылдарынан бастап жоғарылап, әрі қарай да жоғары күйінде сақталған. Осыған байланысты жтРНҚ потенциалды биомаркер ретінде диагностикалық және болжамдылық маңызға ие болып отыр.

Қышқылда еритін фракция (ҚЕФ) үшін байқалған аса үлкен коэффициент ($B = 705.40$, $p = 0.083$) «тамаша бөліну» (perfect separation) феноменіне байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайлар параметрлерді бағалауды тұрақсыздандырып, сенімді интервалдардың шектерін анықтауда қиындықтар тудырады, сондықтан ҚЕФ бойынша интерпретация тек сақтықпен жүргізілді.

Жұмыс өтілі топтарын талдау барысында тәуекелдің өсу тенденциясы анықталды. 4-топтағы субъектілерде патологияның даму ықтималдығы базалық

(0) топқа қарағанда 8.66 есе жоғары болды ($B = 2.159$, $p = 0.025$), ал 3-топ та тәуекелдің өсуін көрсетсе де, статистикалық маңыздылыққа жетпеді ($B = 1.786$, $p = 0.061$). Бұл нәтижелер ұзақ мерзімді жерасты еңбек жағдайларының ағзаның биохимиялық және қабынулық өзгерістерді күшейтетінін және тыныс алу жүйесі ауруларының даму қаупін арттыратынын дәлелдейді. Нәтиже бойынша формула, «Көмірші-кеншілерде респираторлық патологияның даму ықтималдығын болжау» моделі жасалды. Бұл формула — көмірші - кеншілердің пурин алмасуы көрсеткіштері мен жерасты еңбек өтілі топтарына қатысты оқиғаның (мысалы, белгілі бір аурудың немесе клиникалық жағдайдың) орын алу ықтималдығын бағалайтын логистикалық регрессия формуласы. Түсіндірмесі төмендегідей:

$$\ln\left(\frac{p}{1-p}\right) = 1.721 + 0.079 (\text{Гуанин}) - 0.051 (\text{Ксантин}) + 0.020 (\text{НК}) + 705.40 (\text{ҚЕФ}) + 1.372 (\text{жТРНК}) + 0.089 (\text{Топ}_1) + 0.712 (\text{Топ}_2) + 1.786 (\text{Топ}_3) + 2.159 (\text{Топ}_4). \quad (4)$$

Мұндағы:

p — оқиғаның орын алу ықтималдығы;

$\ln(p/(1-p))$ — ықтималдық логиті, яғни ықтималдықтың логарифмі. 1.721 — константа (β_0), базалық ықтималдық.

Топ_1 – Топ_4 — еңбек өтілінің категориялары үшін фиктивті айнымалылар (0-топ — референс)

Формуладағы $0.079 \times \text{Гуанин}$, $-0.051 \times \text{Ксантин}$ және т.б. — әрбір биохимиялық көрсеткіштің коэффициенттері. Мысалы: Позитивті коэффициент (мысалы, Гуанин, жТРНК) оқиғаның ықтималдығының өсуіне әсер етеді. Негативті коэффициент (мысалы, Ксантин) оқиғаның ықтималдығын азайтады. ҚЕФ коэффициенті (705.40) — өте үлкен мән, бұл айнымалының деректер диапазонының тарлығы немесе «идеалды бөліну» әсерінен болуы мүмкін. Бұл формулада әрбір көрсеткіштің және еңбек өтіліне байланысты топтарының ықтималдыққа қосқан тәуелді әсерін сандық түрде сипаттайды. Гуанин және несеп қышқылы (НК) көрсеткіштері статистикалық мәнділікке жетпегенімен, олардың бағыттары пурин алмасуының кешенді өзгерістерін көрсетеді және патогенетикалық рөлін зерттеуге қосымша негіз береді.

Қорытындылай келе, алынған нәтижелер жерасты еңбек өтілі, пурин алмасуының кейбір компоненттері және жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының деңгейлері тыныс алу жүйесі патологиясының дамуына ықпал ететін тәуелсіз және өзара байланысты факторлар екенін көрсетті. Пуриндер мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының катаболизм ерекшеліктерін зерттеу 10 жылға дейінгі жерасты жұмыс өтілі бар көмірші-кеншілерде осы процестердің өзгеруі аясында созылмалы өкпе ауруларының даму қаупін болжауға мүмкіндік береді. Бұл деректер көмірші-кеншілер үшін патологияның ерте диагностикасы мен алдын алу шараларды жоспарлауда ғылыми-практикалық маңызға ие.

3.4 Талқылау

Алынған деректер негізінде «Көмірші-кеншілерде респираторлық патологияның даму ықтималдығын болжау» моделі әзірленіп, ұсынылды. Бұл модель есептелген коэффициенттері (β) бар логистикалық регрессия формуласына негізделген және көмірші-кеншілерде респираторлық патологияның даму ықтималдығын бағалауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің негізіне «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамының көмір департаментіне қарасты Күзембаев атындағы шахтада жұмыс істейтін 140 практикалық тұрғыдан сау кеншілер арасында жүргізілген обсервациялық проспективті когорттық бақылау алынған. Зерттеудің дәл осындай дизайнын таңдау уақыт бойынша биохимиялық және функционалдық көрсеткіштердің динамикасын зерделеу қажеттілігімен, сондай-ақ қолайсыз жерасты еңбек жағдайларында жұмыс өтілінің ұлғаюы әсерінен қалыптасатын ерте, клиникаға дейінгі өзгерістерді анықтау мүмкіндігімен негізделді.

Іріктеме көлемін есептеу Epi Info™ бағдарламасын пайдалану арқылы жүзеге асырылды, бұл ретте қалыптастырылған когорта шахтаның жерасты тау-кен жұмысшыларының жалпы санының (1294 адам) 10,9%-ын құрады. Мұндай үлес эпидемиологиялық зерттеулер үшін іріктеменің репрезентативтілігіне қойылатын әдіснамалық талаптарға толық сәйкес келеді. Қатысушылардың аталған үлесі жерасты еңбек өтілі, пурин алмасуының биохимиялық көрсеткіштері және жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының метаболизмі арасындағы мәнді ассоциацияларды анықтауға жеткілікті статистикалық қуатты қамтамасыз етті.

Зерттеуге қатысушыларды іріктеу стратификацияланған іріктеме әдісімен жүргізілді, бұл зерттелетін контингенттің кәсіби біртекті еместігін ескеруге және жерасты негізгі мамандықтарының өкілдерін қамтуға мүмкіндік берді: жерасты тау-кен жұмысшылары, жерасты электрослесарлары, тазалау забойының жұмысшылары, бұрғылаушылар, тау-кен шеберлері, электровоз машинистері және тау-кен қазу машиналарының машинистері. Мұндай тәсіл еңбек жағдайлары мен физикалық жүктеме деңгейлеріндегі кәсіби айырмашылықтардың зерттеу нәтижелеріне ықпалын барынша азайтып, алынған деректердің ішкі валидтілігін арттырды.

Іріктемені қалыптастыру 2019 жылдың маусым–қыркүйек айлары аралығында, Қарағанды қаласындағы «Гиппократ» ЖШС медициналық фирмасында жоспарлы медициналық тексерулерден өту барысында, барлық қатысушылар ақпараттандырылған келісімге қол қойғаннан кейін жүргізілді. Бұл биомедициналық зерттеулерді жүргізудің этикалық қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етіп, бақылау басталған сәтте клиникалық айқын созылмалы аурулары жоқ тұлғаларды когортаға енгізуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің маңызды әдіснамалық артықшылығы – электрондық денсаулық паспорттарын (ЭДП) пайдалану болып табылады. Олардың негізінде динамикалық ретроспективті және проспективті бақылау жүргізілді. Зерттелген барлық тұлғалар бақылау кезеңінің бүкіл барысында шахтаның қызметкерлері болып табылып, жыл сайын міндетті медициналық тексерулерден өтіп отырды,

олардың нәтижелері жүйелі түрде ЭДП-да тіркеліп отырды. Бұл денсаулық көрсеткіштерінің жеке динамикасын қадағалауға, созылмалы аурулардың жаңа жағдайларын анықтауға және оларды бастапқы биохимиялық және функционалдық сипаттамалармен салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеуге енгізілген сәтте барлық қатысушылар практикалық тұрғыдан сау тұлғалар санатына жатқызылып, оларда диагностикаланған созылмалы аурулар болған жоқ. Бұл анықталған өзгерістерді қалыптасып қойған патологияның екіншілік көріністері емес, ерте, бастапқы өзгерістер ретінде интерпретациялау үшін қағидаттық маңызға ие.

Перспективті бақылау кезеңінде зерттелген когортада өлім жағдайлары тіркелмеді, соған байланысты зерттеу басындағы және соңындағы топтардағы қатысушылар саны өзгеріссіз қалды. Аталған жайт қатысушылардың шығып қалуына байланысты жүйелі қателіктің болуын жоққа шығарады және алынған нәтижелердің сенімділігін арттырады.

Зерттеудің бірінші кезеңінде зерттелушілерді іріктеу қосу және шығару критерийлеріне сәйкес жүргізілді. Одан кейін әрқайсысында кемінде 30 адамнан тұратын 4 топ қалыптастырылды. Топтарды толықтыру кездейсоқ әдіспен жүзеге асырылды.

Пурин алмасуының метаболиттері мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының деңгейі созылмалы аурулардың болуына және сыртқы факторлардың әсер ету ұзақтығына байланысты өзгертінін ескере отырып, зерттеудің негізгі тобына жерасты еңбек өтілі 1 жылдан 10 жылға дейінгі, созылмалы аурулары жоқ, практикалық тұрғыдан сау тұлғалар енгізілді. Сонымен қатар, шахтада жұмыс істемейтін практикалық тұрғыдан сау адамдардан тұратын бақылау тобы қалыптастырылды.

Алдыңғы жүргізілген зерттеулердің деректеріне сәйкес, жерасты еңбек өтілі ≥ 10 жыл болатын көмірші-кеншілерде пневмокониоздың, созылмалы бронхиттің және басқа да созылмалы респираторлық аурулардың жиілігі мен ауырлығы айтарлықтай жоғары екені анықталған [67]. Perret және әріптестері (2017) еңбек өтілі 10 жылдан асқан кеншілерде шаңдық өкпе ауруларының даму қаупі едәуір артатынын көрсеткен [64]. Сол сияқты, Blackley және әріптестері (2018) жерасты еңбек өтілі ≥ 10 жыл болған жағдайда пневмокониоздың таралуы айтарлықтай жоғарылайтынын дәлелдеген [63].

Сонымен қатар, біздің зерттеуде жерасты еңбек өтілі ≤ 10 жыл болатын салыстырмалы түрде «сау» контингенттің таңдалуы респираторлық аурулардың клиникалық айқын формалары қалыптасқанға дейінгі ерте кезеңдерде пайда болатын өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Petsonk және әріптестері (2013) еңбек өтілі 5–15 жыл аралығындағы жұмысшыларда өкпенің вентиляциялық функциясының (FEV1, FVC) төмендей бастағанын анықтап, бұл кезеңді респираторлық зақымданудың бастапқы сатысы ретінде сипаттаған [66]. Laney және Weissman (2014) да еңбек өтілі ұлғайған сайын созылмалы респираторлық бұзылыстардың даму қаупі біртіндеп артатынын атап өткен [67].

Екінші кезеңде шахтёрлердің денсаулық жағдайын бағалау мақсатында электрондық денсаулық паспортықолданылып, үш жыл бойы динамикалық бақылау жүргізілді және алынған нәтижелерге кейіннен талдау жасалды.

Жүргізілген зерттеу барысында көмірші-кеншілердің жұмыс өтіліне байланысты пуриин катаболизмі мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының метаболизміне қатысты жаңа деректер алынды. Пуриндік метаболиттердің деңгейі әртүрлі бағытта өзгерді: жерасты жұмыс өтілі 3 жылға дейінгі топтарда төмендесе, 5 жыл және одан көп өтілі бар топтарда жоғарылағаны анықталды.

Жерасты жұмыс өтілі 3 жылға дейін болатын кеншілерде пуриндік метаболиттер деңгейінің төмендеуі, ықтимал, ағзаның ауыр физикалық еңбекке және шаңды өндірістік ортаға бейімделу үдерістерімен байланысты. Гиперурикемия эндотелийдің зақымдалуына және оның дисфункциясының дамуына ықпал етіп, еркін радикалдар мен супероксид-аниондарының түзілуін арттырады, соның нәтижесінде тотығу стрессі күшейеді. Бұл өз кезегінде азот оксиді синтезінің тежелуіне, микроциркуляцияның бұзылуына, қабынуға қарсы емес (провоспалительный) цитокиндердің бөлінуінің ынталануына, қанның ұюының күшеюіне және тромб түзілу қаупінің артуына әкеледі [209, с. 1328–1329].

Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей, көмір шаңының әсері ағзаның бейімделу-компенсаторлық механизмдерін кернеуге әкеледі. Бұл процесс пуриндік нуклеотидтердің алмасуының бауырда, лимфа түйіндерінде, бүйрек үсті бездерінде, тимусте және лимфолизатта белсендірілуімен, сондай-ақ көкбауырда олардың деңгейінің төмендеуімен қатар жүреді [199]. Ұқсас өзгерістерді басқа зерттеушілер де анықтаған [200] артериялық гипертониясы бар пациенттерде пуриндік метаболиттердің деңгейінің өсуі және төмендеуі сияқты екі негізгі үрдіс байқалған. Алайда, аталмыш зерттеулерде артериялық гипертонияның ұзақтығы бағаланбаған.

Гуанин деңгейінің төмендеуі зерттеушілердің пікірінше ангиотензин II-ның ингибирлеуші әсерімен байланысты [201], ал аденин концентрациясының төмендеуі бүйрек жасушаларының оны рениннің секрециясын, су мен натрий тасымалын реттеу үшін сіңіруімен түсіндіріледі [202, 203]. Кит О.И. және әріптестерінің [204] деректері бойынша, жоғары физикалық белсенділігі бар адамдарда қан плазмасындағы гуанин және гипоксантин деңгейлері сәйкесінше 1,4 және 1,7 есе жоғары болған, бұл белсенділігі төмен адамдармен салыстырғанда байқалған.

Басқа зерттеулерде, атап айтқанда Украинадағы көмір шахталарында жұмыс істейтін шахтёрлер арасында, пневмокониоздың дамуы механизмдерімен байланысты бұзылулар анықталған. Бұл бұзылулар пуриин алмасуының өзгерістерімен, ксантинооксидаза белсенділігінің және қан сарысуындағы несеп қышқылы деңгейінің жоғарылауымен, сондай-ақ спецификалық емес резистенттіліктің жеткіліксіздігі жағдайында аутоиммундық реакциялардың пайда болуымен байланысты екені белгілі [205].

Нуклеозидтер кері байланыс механизмдері арқылы пуриин биосинтезінің циклінің басталуын реттеп, несеп қышқылының белгілі бір деңгейін ұстап

тұрады [206]. Жапон зерттеушілерінің көрсеткен деректері бойынша, гипоурикемиясы бар және күнделікті шамадан тыс физикалық жүктемеге ұшырайтын ер адамдарда жүрек-қантамыр аурулары мен несеп шығару жүйесінің бұзылу қаупі жоғары [207].

Қан плазмасындағы жасушадан тыс пулиндік метаболиттер екі негізгі жолмен түзіледі — жасушалардан шығу (эффлюкс) және олардың ыдырауы (лизисі) арқылы. Негізгі көздері — нейтрофилдер, эндотелий жасушалары және белсендірілген макрофагтар болып табылады. Жасушадан тыс пулиндердің жиналуына ықпал ететін факторларға эктоферменттер CD39 және CD73, ерігіш ферменттер кешені (нуклеотидпирофосфатаза, аденилаткиназа, нуклеотиддифосфаткиназа) [208], пурин катаболизмі ферменттері (аденозиндезаминаза, сілтілік фосфатаза, 5'-нуклеотидаза) [209], сондай ақ мембраналық пурин транспортерлері [210–213] жатады.

Ксантиноксидазаның белсенділігінің артуы өкпе тінінің эпителийін зақымдау механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Мысалы зерттелушілердің зерттеулері бойынша, созылмалы обструктивті өкпе ауруының ауыр ағымында ксантиноксидазаның белсенділігі төмендеуі байқалған [11, с. 263–265]. Тыныс алу жолдарының эпителиалды жасушаларынан пулиндік нуклеотидтердің бөлінуі және P2X7-рецепторларының активациясы өкпедегі қабыну, фиброз және функционалдық өзгерістерді модуляциялайды [125, с. 87–113]. Өкпенің қызметі бұзылғанда, гипоксия пулиндердің катаболизмін және олардың соңғы метаболиттерінің түзілуін белсендіріп отырады.

Қалыпты жағдайда пулиндік катаболиттер жасушаішілік деңгейде орналасады, ал олардың жасушадан тыс кеңістікке шығуы реттелетін қабыну реакциясымен байланысты болады. Алайда, қабыну ұзаққа созылғанда (хронизация кезінде) бұл процесс бақылаусыз түрде жүреді, нәтижесінде асептикалық қабыну сақталады және үдемелі сипат алады.

Сонымен қатар, жерасты жұмысының ұзақ мерзімділігі (7 жылдан артық) жасушалардың некрозы мен апоптозына әкелетін каскадтық биохимиялық реакцияларды іске қосады, бұл қан плазмасындағы жасушадан тыс ДНҚ деңгейінің жоғарылауы арқылы дәлелденеді.

Шахтёрлерде жасушадан тыс РНҚ деңгейі жерасты жұмысының алғашқы жылдарынан бастап артып, әрі қарай тұрақты түрде жоғары күйде сақталады, бұл қабыну процесінің үздіксіздігі мен прогрессиясын көрсетеді.

Қабыну жағдайында нуклеин қышқылдары активтенген фагоциттерден бөлініп шығады, ал жасушадан тыс ДНҚ және РНҚ өкпе фиброзының ко-прогностикалық факторлары ретінде қарастырылады [172]. Осы молекулалар иммундық жүйеге әсерін екі бағытта көрсете алады: бір жағынан стимуляциялай, екінші жағынан тоқтата алады, бұл олардың нуклеотидтік тізбегі, метилдену деңгейі және ақуыздық кешен құрамына тәуелді болады [18].

Яғни, ұзақ мерзімді жерасты еңбек организмнің қорғаныш механизмдерін үдетіп, иммундық және қабыну процестерін тұрақты түрде белсенді ұстап,

жасушаішілік және жасушадан тыс метаболизм арасындағы тепе-теңдікті бұзады.

Қазіргі заманғы зерттеулер жасушадан тыс ДНҚ, РНҚ және экзосомалық микроРНҚ деңгейлерінің қабыну процесі мен тіндік зақымдануды ерте анықтайтын сезімтал биомаркерлер ретіндегі диагностикалық және прогностикалық маңыздылығын растады [217–219]. Жасушадан тыс нуклеин қышқылдары ағзаның иммундық жауапын модуляциялап, қабыну сигналдарын күшейте немесе тежеу арқылы патологиялық процестердің динамикасын көрсетеді. Бұл ерекшелік оларды респираторлық патологияларды, соның ішінде өкпе фиброзы, созылмалы обструктивті аурулар және өкпе обыры сияқты ауруларды ерте кезеңде анықтауда құнды индикаторларға айналдырады.

Атап айтқанда, қан плазмасындағы экзосомалық микроРНҚ-лардың құрылымы, фракциялары және экспрессиялық профильдері өкпе патологиясын диагностикалауда маңызды ақпарат көзі ретінде қарастырылуда. Rabinowits және әріптестері (2009), сондай-ақ Huang және әріптестері (2013) жүргізген зерттеулер бұл молекулалардың диагностикалық потенциалын, соның ішінде өкпе қатерлі ісігін ерте анықтаудағы рөлінкөрсетті [220, 222]. Сонымен қатар, жасушадан тыс нуклеин қышқылдары мен экзосомалық микроРНҚ-лардың биологиялық рөлі тек маркерлік сипатқа ғана ие емес, олар жасушалар арасындағы ақпарат алмасуды, қабыну медиаторларының экспрессиясын, жасушалық сигнализацияны және иммундық жүйенің жауаптарын реттеуге қатысады. Осылайша, олар жүргізілген зерттеулерде респираторлық патологиялардың ерте кезеңінде жүйелік зақымданудың молекулалық көрсеткіші ретінде қолданылуы мүмкін.

Көпфакторлы логистикалық регрессиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, көмірші-кеншілердің жерасты еңбек өтілі 7–10 жыл аралығында және жасушадан тыс РНҚ (extracellular RNA, ecRNA) мен ксантин деңгейлері зерттелген биохимиялық көрсеткіштер ретінде қосарланған жағымсыз клиникалық нәтижегестатистикалық маңызды әсер етеді. Бұл факторлар қабыну процесінің тұрақтылығын сақтауға, пуриндік катаболизм мен жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының метаболизмін реттеуге қатысып, респираторлық патологияның ерте кезеңдерінде клиникалық көріністердің қалыптасуына ықпал етеді. Ұзақ мерзімді (7–10 жыл) жерасты еңбек өтілі бар жұмысшыларда жағымсыз клиникалық нәтижелердің пайда болу ықтималдығы 8,6 есеге дейін артады, бұл ерте биохимиялық және функционалдық маркерлердің респираторлық ауруларды алдын ала бағалаудағы маңыздылығын көрсетеді. Ксантиннің метаболизмі мен жасушадан тыс РНҚ концентрациясының жоғарылауы эндотелийдің зақымдалуын, оксидативтік стрессті, қабыну цитокиндерінің секрециясын және микроциркуляциялық бұзылыстарды ынталандырады, бұл өз кезегінде өкпе паренхимасының зақымдану процесін күшейтеді. Аталған логистикалық регрессиялық модельдің прогностикалық қабілеті 85,4% құрады, бұл модельдің зерттелген популяцияда респираторлық патологияның даму ықтималдығын дәл болжауға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осылайша, жұмыс өтілі мен

биохимиялық көрсеткіштерді біріктіре отырып жүргізілген талдау клиникалық және профилактикалық тәжірибеде респираторлық аурулардың ерте диагностикасы мен тәуекелін бағалаудың негізін құруға, сондай-ақ жерасты еңбек жағдайларының биохимиялық және иммуногендік әсерлерін кешенді бағалауға жол ашады.

Осы зерттеу барысында алынған нәтижелер көмірші - кеншілердің жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының метаболизміндегі бұзылыстар мен пуриндік катаболизмдегі өзгерістерді олардың жерасты еңбек өтілімен байланысты қазіргі заманғы түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Жинақталған деректер көрсеткендей, еңбек өтілі ≤ 10 жыл болатын жұмысшыларда байқалған биохимиялық және функционалдық көрсеткіштердің өзгеруі организмнің адаптациялық механизмдеріне тікелей қатысты және ұзақ мерзімді физиологиялық стресс жағдайында оның тұрақтылығын бағалауға жол ашады. Бұл құбылыстарға эндотелийдің дисфункциясы, оксидативтік стресс, жасушадан тыс РНҚ мен ДНҚ деңгейлерінің тұрақты жоғарылауы сияқты көрсеткіштер жатады, олар респираторлық патологияның ерте кезеңдерінде биомаркерлік рөл атқара алады.

Алынған деректерді бұрын жүргізілген зерттеулермен салыстыру бұл өзгерістердің клиникалық көріністердің қалыптасуына дейінгі кезеңде маңызды екенін көрсетеді. Атап айтқанда, жасушадан тыс нуклеин қышқылдарының және пуриндік метаболиттердің динамикасын зерттеу профилактикалық скрининг жүргізуге және респираторлық аурулардың даму қаупін алдын ала бағалауға негіз болатын маңызды ақпарат береді. Осы көрсеткіштердің мониторингі арқылы ко-прогностикалық факторларды анықтау, олардың респираторлық патологияның ерте биохимиялық сигналдары ретінде қызмет етуін бағалау мүмкіндігі туады.

Сонымен қатар, бұл тәсіл адам ағзасының адаптациялық механизмдеріндегі бұзылыстарды кешенді талдауға және олардың жерасты еңбек жағдайында ұзақ уақыттық әсеріне байланысты механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді. Аталған зерттеу нәтижелері ерте биохимиялық және функционалдық маркерлерді анықтау арқылы респираторлық аурулардың клиникалық көрінісі пайда болмай тұрып, олардың профилактикалық бағалау және тәуекелді мониторинг стратегияларын құруға ғылыми негіз береді. Мұндай ғылыми тәсіл, өз кезегінде, көмірші-кеншілердің денсаулығын қорғаудағы тиімді профилактикалық шараларды әзірлеуге, сондай-ақ еңбек жағдайларының респираторлық жүйеге әсерін алдын ала бағалауға мүмкіндік жасайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. 2017 жылдан 2019 жылға дейін 1-топта науқастанғандар санының 19.4%-дан 32.3%-ға дейін және 2-топта 22,2%-дан 39.9%-ға дейін өсу үрдісі байқалды, көмірші-кеншілерінің барлық топтарында аурушандықтың негізгі себебі ЖРВИ болды.

2. 1. Зерттеу басталғаннан кейін бір жылдан соң динамикада (2020 жыл) көмірші-кеншілердің 4-тобында созылмалы синуситтің (5,6%), ӨСОА (2,8%) және пневмокониоздың (2,8%) дамуы, ал 3-тобында созылмалы синуситтің (5,4%) және созылмалы бронхиттің (5,4%) дамуы анықталды.

2. 2. Зерттеу басталғаннан кейін екі жылдан соң динамикада (2021 жыл) көмірші-кеншілердің 3-тобында өкпенің постковидтік пневмофиброзының рентгенологиялық белгілері (11,1%), 2-тобында созылмалы бронхиттің дамуы (2,8%) және өкпенің постковидтік пневмофиброзының рентгенологиялық белгілері (5,6%), ал 1-тобында созылмалы синуситтің (3,2%) және созылмалы бронхиттің (3,2%) дамуы анықталды.

2.3. Зерттеу басталғаннан кейін үш жылдан соң динамикада (2022 жыл) көмірші-кеншілердің 1-тобында өкпенің постковидтік пневмофиброзының рентгенологиялық белгілері (3,2%) анықталды.

3. 1. 1-топтағы көмірші-кеншілерінің қан плазмасында бақылау тобына қатысты жасушадан тыс РНҚ деңгейінің 4 есе жоғарылауы ($p=0,001$) кезінде пуриндердің ыдырауының бастапқы кезеңі метаболиттері: гуаниннің 9%-ға ($p=0,001$), гипоксантиннің 13%-ға ($p=0,009$), адениннің 11%-ға ($p=0,001$) және ксантиннің 13%-ға ($p=0,003$) концентрациясының айтарлықтай төмендеуі байқалады.

3. 2. 3-ші және 4-ші топтағы көмірші-кеншілердің қан плазмасында бақылау тобына қатысты РНҚ деңгейінің сәйкесінше 1,48 және 1,31 есе жоғарылауы ($p=0,001$) кезінде пуриндердің ыдырауының бастапқы кезеңі метаболиттері: гуаниннің 19%-ға және 28%-ға ($p=0,001$), гипоксантиннің 10%-ға және 21%-ға ($p=0,009$), адениннің 7,5%-ға және 25,5%-ға ($p=0,001$) және ксантиннің 13%-ға және 14%-ға ($p=0,003$) концентрациясының айтарлықтай өсуі байқалады.

3. 3. Жұмыс өтілі бар 4-топтағы көмірші-кеншілерінде несеп қышқылының деңгейі 2-топпен салыстырғанда 17%-ға ($p=0,019$) және 1-топпен салыстырғанда 11%-ға ($p=0,037$) айтарлықтай жоғары болды.

4. Көмірші-кеншілерінде көпфакторлы талдау негізінде анықталғандай, жерастындағы еңбек өтілі 7 жылдан 10 жылға дейін болғанда ($p=0,025$), өкпенің созылмалы ауруларының даму қаупі 8,6 есе артады, ал қан плазмасындағы жасушадан тыс РНҚ деңгейінің жоғарылауы қауіпті 4 есе арттырады ($p=0,007$)

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Концепции развития здравоохранения Республики Казахстан до 2026 года: утв. 24 ноября 2022 года, №945 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs.19.02.2025>.
- 2 Концепция безопасного труда в Республике Казахстан до 2030 года // <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details>. 19.02.2025.
- 3 Численность работников, занятых во вредных и других неблагоприятных условиях труда в Республике Казахстан – 2023 // <https://stat.gov.kz/ru/news/chislennost-rabotnikov-zanyatykh-vo->. 10.04.2024.
- 4 Batool A.I., Naveed N.H., Aslam M. et al. Coal Dust-Induced Systemic Hypoxia and Redox Imbalance among Coal Mine Workers // ACS Omega. – 2020. – Vol. 5, Issue 43. – P. 28204-28211.
- 5 Gulumian M., Borm P.J., Vallyathan V. et al. Mechanistically identified suitable biomarkers of exposure, effect, and susceptibility for silicosis and coal-worker's pneumoconiosis: a comprehensive review // J. Toxicol. Environ. Health B Crit. Rev. – 2006. – Vol. 9. – P. 357-395.
- 6 Муравлёва Л.Е. Состояние окислительного метаболизма при пылевой патологии органов дыхания: дис. ... док. биол. наук: 14.00.07. – Москва, 1995. – 321 с.
- 7 Величковский Б.Т. Экологическая пульмонология: роль свободнорадикальных процессов. – Екатеринбург, 2003. – 141 с.
- 8 Ибраева Л.К. Состояние системы перекисного окисления липидов и антиоксидантной защиты у экспериментальных животных при ингаляционном воздействии кварцевой пыли и применении специализированного продукта «Адапт-Ланг» // Наука и здравоохранение. – 2005. – №1. – С. 49-51.
- 9 Ибраев С.А., Койгельдинова Ш.С., Игимбаева Г.Т. и др. Фосфолипиды крови при антракосиликозе в сочетании с вибрационной болезнью // Медицина труда и промышленная экология. – 2006. – №4. – С. 14-16.
- 10 Davies K.J., Delsignore M.E. Protein damage and degradation by oxygen radicals. III. Modification of secondary and tertiary structure // J. Biol. Chem. – 1987. – Vol. 262, Issue 20. – P. 9908-9913.
- 11 Муравлёва Л.Е., Молотов-Лучанский В.Б., Турмухамбетова А.К. и др. Пурины в плазме крови больных с хронической обструктивной болезнью легких различной формы и степени тяжести // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – №10-2. – С. 263-266.
- 12 Сенявина Н.В., Хаустова С.А., Гребенник Т.К. и др. Анализ пуриновых метаболитов в сыворотке материнской крови для оценки риска возникновения патологии беременности // Бюллетень экспериментальной биологии и медицины. – 2013. – Т. 155, №5. – С. 635-638.

- 13 Шаухат Д.М., Ибраева Л.К., Танкибаева Н.У. Роль пуринов в развитии профессиональных заболеваний // Наука о жизни и здоровье. – 2019. – №3. – С. 8 – 13.
- 14 Zhang R., Shao F., Wu X. et al. Value of quantitative analysis of circulating cell-free DNA as a screening tool for lung cancer: a meta-analysis // Lung Cancer. – 2010. – Vol. 69, Issue 2. – P. 225-231.
- 15 Wu Q., Yan W., Han R. et al. Polymorphisms in Long Noncoding RNA H19 Contribute to the Protective Effects of Coal Workers' Pneumoconiosis in a Chinese Population // Int. J. Environ. Res. Public Health. – 2016. – Vol. 13, Issue 9. – P. 903-1-903-8.
- 16 По случаю 75-летия ВОЗ сделаем науку, технологии и солидарность залогом здорового будущего! / Всемирная организация здравоохранения // <https://www.who.int/ru/news-room/commentaries/detail/as-who-turns>. 21.02.2025.
- 17 Права человека и здоровье / Всемирная организация здравоохранения // <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/human-rights>. 21.02.2025.
- 18 Несчастные случаи и заболевания, связанные с трудовой деятельностью // <https://www.ilo.org/ru/resource/news/>. 21.02.2025.
- 19 Почти 2 миллиона человек умирают ежегодно от причин, связанных с работой // <https://www.who.int/ru/news/item/16-09-2021-who-ilo>. 21.02.2025.
- 20 Здоровье работающего населения и гигиена труда, производственная медицина // <https://whodc.mednet.ru/ru/osnovnye-publikaczii>. 21.02.2025.
- 21 Хроническая обструктивная болезнь легких (ХОБЛ) / ВОЗ // <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/chronic>. 21.02.2025.
- 22 Статья 24 Конституции Республики Казахстан <https://constitutionrk.kz/razdel-2/statya-24>. 21.02.2025.
- 23 Конвенция МОТ по охране труда и безопасности 2006 года (№187) // <https://normlex.ilo.org/dyn/normlex/en/f?p=NORMLEXPUB:12100:0>. 21.02.2025.
- 24 Промышленность Республики Казахстан: стат. сб. / Бюро национальной статистики. – Астана, 2023. – 230 с.
- 25 Охрана окружающей среды в Республике Казахстан 2018-2022: стат. сб. / Бюро национальной статистики. – Астана, 2023. – 276 с.
- 26 Численность работников, занятых во вредных и других неблагоприятных условиях труда в 2022 году в Республике Казахстан // <https://stat.gov.kz/ru/news/chislennost-rabotnikov-zanytyh>. 21.02.2025.
- 27 Численность работников, занятых во вредных и других неблагоприятных условиях труда в 2023 году в Республике Казахстан // <https://stat.gov.kz/ru/news/chislennost-rabotnikov-zanytyh>. 21.02.2025.
- 28 Coal consumption hit an all-time high in 2022, IEA says / CNBC // <https://www.cnbc.com/2023/07/27/coal-consumption-hit-an-all-time>. 21.02.2025.
- 29 Coal facts / Future Coal // <https://www.futurecoal.org>. 21.02.2025.
- 30 Lebecki K., Małachowski M., Sołtysiak T. Continuous dust monitoring in headings in underground coal mines // J. Sustain. Min. – 2016. – №15. – P. 125-132.

- 31 Lu C., Dasgupta P., Cameron J. et al. A systematic review and meta-analysis on international studies of prevalence, mortality and survival due to coal mine dust lung disease // *PLoS One*. – 2021. – Vol. 16, Issue 8. – P. e0255617.
- 32 Аманбекова А.У., Омаркулов Б.К. Состояние службы медицины труда в Республике Казахстан // *Перспективы развития медицины труда и медицинской экологии: матер. науч.-практ. конф. с междунар. уч., посв. 65-лет. Института общественного здравоохранения и профессионального здоровья НАО МУК*. – Караганда, 2023. – С. 23-25.
- 33 Han S., Chen H., Harvey M.A. et al. Focusing on coal workers' lung diseases: a comparative analysis of China, Australia, and the United States // *Int. J. Environ. Res. Public. Health*. – 2018. – Vol. 15. – P. 2565-1-2565-26.
- 34 Attfield M.D. et al. Mortality among U.S. underground coal miners: a 23-year follow-up // *Am. J. Ind. Med.* – 2008. – Vol. 51, Issue 4. – P. 231-245..
- 35 Graber J.M., Stayner L.T., Cohen R.A. Respiratory disease mortality among US coal miners; results after 37 years of follow-up // *Occup. Environ. Med.* – 2014. – Vol. 71, Issue 1. – P. 30-39.
- 36 Miller B.G., MacCalman L. Cause-specific mortality in British coal workers and exposure to respirable dust and quartz // *Occup. Environ. Med.* – 2010. – Vol. 67, Issue 4. – P. 270-276.
- 37 Han L., Gao Q., Yang J. et al. Survival Analysis of Coal Workers' Pneumoconiosis (CWP) Patients in a State-Owned Mine in the East of China from 1963 to 2014 // *Int. J. Environ. Res. Public. Health*. – 2017. – Vol. 14, Issue 5. – P. 489-1-489-10.
- 38 Global and regional burden of chronic respiratory disease in 2016 arising from non-infectious airborne occupational exposures: a systematic analysis for the Global Burden of Disease Study 2016 / Occupational Chronic Respiratory Risk Factors Collaborators // *Occup. Environ. Med.* – 2020. – Vol. 77. – P. 142-150.
- 39 Wilk A., Garland S., Falk N. Less Common Respiratory Conditions: Occupational Lung Diseases // *FP Essent.* – 2021. – Vol. 502. – P. 11-17.
- 40 Zhou H., Bhattarai R., Li Y. et al. Towards sustainable coal industry: turning coal bottom ash into wealth // *Sci. Total Environ.* – 2022. – Vol. 804. – P. 149985.
- 41 Hazard Prevention and Control in the Work Environment: Airborne Dust // http://www.who.int/occupational_health/publications/airdust/en/. 21.02.2020.
- 42 Vanka K.S., Shukla S., Gomez H.M. et al. Understanding the pathogenesis of occupational coal and silica dust-associated lung disease // *Eur. Respir. Rev.* – 2022. – Vol. 31, Issue 165. – P. 210250-1-210250-17.
- 43 Deng Q., Deng L., Miao Y. et al. Particle deposition in the human lung: health implications of particulate matter from different sources // *Environ. Res.* – 2019. – Vol. 169. – P. 237-245.
- 44 Hime N., Cowie C., Marks G. Review of the Health Impacts of Emission Sources, Types and Levels of Particulate Matter Air Pollution in Ambient Air in NSW // <https://majorprojects.planningportal.nsw.gov.au>. 21.02.2025.

- 45 Idowu O., Semple K.T., Ramadass K. et al. Beyond the obvious: environmental health implications of polar polycyclic aromatic hydrocarbons // *Environ. Int.* – 2019. – Vol. 123. – P. 543-557.
- 46 Idowu O., Semple K.T., Ramadass K. et al. Analysis of polycyclic aromatic hydrocarbons (PAHs) and their polar derivatives in soils of an industrial heritage city of Australia // *Sci. Total Environ.* – 2020. – Vol. 699. – P. 134303.
- 47 Tong S. Air pollution and disease burden // *Lancet Planet Health.* – 2019. – Vol. 3. – P. e49–e50.
- 48 Zanobetti A., Schwartz J., Gold D. Are there sensitive subgroups for the effects of airborne particles? // *Environ. Health Perspect.* – 2000. – Vol. 108. – P. 841-845.
- 49 Nel A. Atmosphere. Air pollution-related illness: effects of particles // *Science.* – 2005. – Vol. 308. – P. 804-806.
- 50 Risom L., Møller P., Loft S. Oxidative stress-induced DNA damage by particulate air pollution // *Mutat. Res.* – 2005. – Vol. 592. – P. 119-137.
- 51 Polichetti G., Cocco S., Spinali A. et al. Effects of particulate matter (PM10, PM2.5 and PM1) on the cardiovascular system // *Toxicology.* – 2009. – Vol. 261. – P. 1-8.
- 52 Pun V.C., Kazemiparkouhi F., Manjourides J. et al. Long-term PM2.5 exposure and respiratory, cancer, and cardiovascular mortality in older US adults // *Am. J. Epidemiol.* – 2017. – Vol. 186. – P. 961-969.
- 53 Gregg T., Prahl F.G., Simoneit B.R. Suspended particulate matter transport of polycyclic aromatic hydrocarbons in the lower Columbia River and its estuary // *Limnol. Oceanogr.* – 2015. – Vol. 60. – P. 1935-1949.
- 54 Goudie A.S. Dust storms and human health // In book: *Extreme Weather Events and Human Health.* – Berlin: Springer, 2020. – P. 13-24.
- 55 Dharwal V., Paudel K.R., Hansbro P.M. Impact of bushfire smoke on respiratory health // *Med. J. Aust.* – 2020. – Vol. 213. – P. 284-284.
- 56 Hirota J.A., Alexis N.E., Pui M. et al. PM10-stimulated airway epithelial cells activate primary human dendritic cells independent of uric acid: application of an in vitro model system exposing dendritic cells to airway epithelial cell-conditioned media // *Respirology.* – 2014. – Vol. 19. – P. 881-890.
- 57 Hirota J.A., Gold M.J., Hiebert P.R. et al. The nucleotide-binding domain, leucine-rich repeat protein 3 inflammasome/IL-1 receptor I axis mediates innate, but not adaptive, immune responses after exposure to particulate matter under 10 μm // *Am. J. Respir. Cell. Mol. Biol.* – 2015. – Vol. 52. – P. 96-105.
- 58 Gold M., Hiebert P., Park H. et al. Mucosal production of uric acid by airway epithelial cells contributes to particulate matter-induced allergic sensitization // *Mucosal Immunol.* – 2016. – Vol. 9. – P. 809-820.
- 59 Wu Q., Han L., Xu M. et al. Effects of occupational exposure to dust on chest radiograph, pulmonary function, blood pressure and electrocardiogram among coal miners in an eastern province, China // *BMC Public Health.* – 2019. – Vol. 19. – P. 1229-1-1229-8.
- 60 Zhang X., Zhang Z., Wang P. et al. Comparison of properties of dust in alveolar of rats and the workplace // *Exp. Lung Res.* – 2021. – Vol. 47. – P. 239-249.

